

Бүгінгі біздің
тәуелсіздігіміздің қайнар көзі
қазақ халқының сан ғасырлар
бойғы күресінде, азаттыққа
ұмтылған қайсарлығында
жатыр.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.


АЙТЫЛДЫ —
ЖАСАЛДЫ



ТҮРҒЫНДАР
ШАҒЫМЫ ЕСКЕРУСІЗ
ҚАЛМАЙДЫ

3

#MENINQAZQSTANYM



ТӘУЕЛСІЗДІК БІЗГЕ
НЕ БЕРДІ?

4

ТАҒЗЫМ



ЕРЛІК
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

9

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 21 маусымдағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА
I компонентпен
379 828
II компонентпен
263 073
адам екпе алды

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:
✓ ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ
✓ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ
✓ ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
ОРЫНДАРДА



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Бақытжан САҒЫНТАЕВ: ТЕРЕҢҚҰР ЖАЙҚАЛЫП КЕЛЕДІ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев абаттандыру жұмысы жүріп жатқан Кіші Алматы өзені бойындағы жаяу жүргінші аймағын тексерді. Өзінің Instagram аккаунтында жаяу жүргінші жолындағы негізгі өзгерістер туралы айтты.

— Тереңқұр жайқалып келеді. Ұзындығы 9 шақырымдай болатын жаяу жүргіншілер жолының абаттандыру жұмысы аяқталуға жақын. Не істелді? Ең алдымен, 5 мыңға жуық бұталы өсімдік отырғызылып, жасыл қор ретке келтірілді. Оның беткейді нығайтып, жағалаудың құлауына жол бермесі анық. Әлбетте, жасыл аймақ ағзаның қалпына келуіне ықпал ететін арнайы микроклиматты сақтайды. Тереңқұрдың емдік мақсатта салынғаны бекер емес, — деп жазды шаһар басшысы.

Сондай-ақ, онда арналар ретке келтіріліп, жер тұнба мен құмнан тазартылды. Габион конструкциялары нығайтылып, қалпына келтірілді. Мақатаев көшесіндегі көпір қайта жөндеуден өтіп, гидротехникалық құрылыс жаңартылды. Бұл — Кіші Алматы өзенінің өткізу мүмкіндігін минутына 0,5 текше метрден 2,5 текше

метрге дейін ұлғайтты. Екі метрлік жолдар үш метрге дейін кеңейтіліп, асфальт ауыстырылды.

— Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін орындықтар жаңартылып, теңіз деңгейінің биіктігін көрсететін навигациялық стендтер мен ақпараттық стеллалар қойылды. Бұдан өзге, әл-Фараби даңғылының астындағы туннель абаттандырылып, Оқушылар сарайы ғимаратының артына бақылау алаңы салынды. Кеңістіктің үйлесімділігі мен тұтастығын сақтау үшін барлық жерде ағаш пайдаланылды, — деп атап өтті Бақытжан Сағынтаев.

Абаттандыру жұмыстары аяқталуда. Енді онда санитарлық торапты қосу, балалар алаңдарын жасау, жекелеген учаскелерді абаттандыру ғана қалды. Жұмыс сапары кезінде қала әкімі «Қазақстан» қонақүйінің артындағы «Достық» скверін абаттандыру және Абай атындағы ҚазҰАОБТ жанындағы сквердің тарихи келбетін қалпына келтіру жұмысының нәтижесін көрді. Сонымен қатар, қала басшысы субұрқалы реконструкциялау және Ө.Қастеев атындағы Мемлекеттік музей аумағын абаттандыру жөніндегі жұмыстар барысымен танысты.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҮЗДІКТЕР ТОП ЖАРДЫ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған бұқаралық
ақпарат құралдары арасындағы байқаудың
қорытындысы шығарылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров журналистерге ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған байқаудың қорытындысы бойынша марапаттар тапсырды. Тапсыру рәсімі елімізде 28 маусымда атап өтілетін Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнін мерекелеу қарсаңында өтті.

Бұл марапаттан «Almaty aqshamy» газетінің ұжымы да тыс қалмады. Ақшамдық журналист, Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы Құралай Жұмаділова «Алматы – 2050 тұжырымдамасы аясындағы жаңа жүйелі шаралар мен мегаполистің даму қарқыны туралы үздік сараптамалық материал» номинациясы бойынша үздік атанды.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев азық-түлік бағасын төмендету бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.
- Еліміздің білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік жүйесіне қатысты кемшіліктер жыл соңына дейін түзетіледі.
- Кіші Алматы өзені бойындағы жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылуда.
- Шаһарда күзге өрмелеуден республикалық деңгейде жарыс өтті.
- Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы Санкт-Петербургте өтетін Халықаралық қуыршақ театрлары фестиваліне қатысады.



Іскерлік кездесу

Кеше Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Финляндияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Мякеляйнен-Буханистпен жүзбе-жүз кездесу өткізді.

Екі жақты ресми кездесуде тараптар сауда-экономикалық қатынасты нығайту мен білім беру, инновация саласындағы өңіраралық ынтымақтастық, «жасыл» технологиялар трансферті мен Smart City

тұжырымдамасын іске асыру мәселелерін талқылады.

БҰҰ-ның 2018 жылғы бақыт индексі бойынша Финляндия «Ең бақытты мемлекет», 2010 жылдан бастап «Әлемдегі ең үздік мемлекет» атауын иеленген. Мұндағы білім беру жүйесі әлемдегі сапалы білімдердің қатарына жатады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕРТЕҢ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет



Серік
ЖҰМАБАЕВ

23 маусым – елімізде мемлекеттік қызметшілер күні болып белгіленген. Тәуелсіз елдің күнтізбесіндегі айтулы мерекені атап өту дәстүрге айналған. Жылдағы қалыптасқан үрдіске сай, мемлекеттік қызметшілердің төл мейрамында елімізде салтанатты жиын өтіп, онда халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандар марапатталып жатады.

Егемен елдің мемлекеттік қызметіне биыл – 23 жыл. Мемлекеттік қызметтің мәртебесін көтеру мақсатында 1998 жылы Елбасының Жарлығымен 23 маусым кәсіби мереке болып бекітілді. Содан бері бұл дата атаусыз қалған емес. Себебі, «Басты міндет – елге қызмет» қағидасын қатаң ұстанған мемлекеттік қызметшіге халықтың артар сенімі зор.

Мемлекеттік қызмет саласын табысты реформалау және бәсекеге қабілетті, сауатты, білікті мамандармен толықтыру – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының саяси

ұстанымының нәтижесі. Айта кетерлік жайт, мемлекеттік қызмет бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу халықаралық қауымдастықтың жоғары бағасына ие болды.

Жалпы, мемлекеттік жүйені дамытудағы басым бағыттардың бірі еліміздегі мемлекеттік қызметшілерінің позитивті имиджін қалыптастыру және күшейтуге бағытталған. Себебі, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік жүйедегі орны бөлек.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Ұлтқа қызмет – білімнен емес, мінезден». Мемлекеттік қызметтегі кез келген азамат шын мәнінде антына адал болса, елді гүлдендіру ісіне негіз болары сөзсіз. Бұл күні барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың күшейіп, оларды мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа алгоритмдерінің енгізілуі де ойымызды қуаттайды. Байқауымызша, мемлекеттік қызметке орналасуға ниетті жастар арасында саналы түрде қадам жасай алатын, ойы терең, қабілеті жоғары жастардың

қатары артып келеді. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналатын ашық қоғам құру ісіне де мұның оң ықпал етері сөзсіз. Хакім Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген қанатты сөзін қаперіне ілген, жүрегімен түсінген жастардың мемлекеттік қызметке орналасып, халыққа қызмет қылуға құлшыныс танытқанын көріп, көпшіліктің көңілі марқаятыны сөзсіз.

Билігі мықты елдің – тірлігі құтты. Күн өткен сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылар талап та, жүктелетін жауапкершіліктің ауқымы да кеңейіп келеді. Халық пен биліктің арасын байланыстыратын мемлекеттік қызметшіге жүктелген міндет зор, қойылар талап қатал. Қуатты Қазақстан құрудағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуы атқарылған қызметке тікелей байланысты. Жалпы, халыққа қызмет – барлығымызға абыройлы міндет.

Қалай десек те, мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуға тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2020
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

САУАЛНАМАШЫ БОЛА АЛАСЫЗ

Биыл халық санағын жүргізуге 32 мыңнан астам адам атсалысады. Оның көбі – интервьюер.

Яғни олар үй-үйді аралап, сауалнама жүргізіп, жұртпен тығыз жұмыс істейді. Олар бүгінде қай үйде кімнің тұратынын нақтылап жүр. 18-ден асқан кез келген адам науқанға интервьюер ретінде қатыса алады. Ниетті азаматтардың әрқайсымен жеке келісім-шарт жасалып, еңбекақы төленеді. Биылғы халық санағына жаңа технологиялар енгізіліп жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Үздіктер топ жарды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Байқауға БАҚ өкілдерінен 200-ден астам жұмыс келіп түсті. Байқаудың негізгі тақырыптары: Алматының дамуы, пандемия жағдайындағы жұмыс пен әлеуметтік жобалар.

Салтанатты шараның шымылдығын ашқан қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров БАҚ жұмысының маңыздылығын айта келіп, журналистерді келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтады.

«БАҚ-тың жұмысы әрқашан маңызды және ерекше. Өйткені, сіздер – біздің, мемлекеттік органдар мен тұрғындардың арасындағы көпірсіздер. Тәуелсіздік кезеңінде журналистика саласы қарқынды дамыды. Алматы жаңа қоғамның қалыптасуының барлық кезеңдерін ерекше сезініп, еліміздің түкпір-түкпірінен айрықша дарынды жандардың басын қосты. Пандемия бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының күрделі әрі көп қырлы екенін тағы бір рет көрсетті. Яғни БАҚ қауіпті аймақтардан ақпарат таратып, репортаж жүргізіп, барлық өзекті мәселелерді, вакциналаудың және санитарлық нормаларды қатаң сақтаудың маңыздылығын түсіндіре білді, – деді Е.Бабақұмаров.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Жыл басынан бері әкімдік 170-тен астам баспасөз іс-шарасын өткізді. Оның 55-і қаланың коронавирустық инфекциямен күрес мәселесіне арналған. Жарты жылдың ішінде БАҚ-та 6,5 мыңнан астам материал жарияланып, әфирге 200-ге жуық телесюжет шықты.

Байқау комиссиясының төрағасы, профессор, академик, Журналистика Академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев журналистердің індет жылындағы ерен еңбектеріне оң баға берді.

Конкурс комиссиясының төрағасы Валерий Жандәулетов байқауға деген қызығушылықтың індетке қарамастан жылдан-жылға артып келе жатқанын, тілшілер қауымы медицина қызметкерлері мен полицейлердің халыққа қызмет көрсетуін, онлайн-технологиялардың, шаһардың дамуын халыққа шебер жеткізе білгенін айтты.

Комиссия негізгі номинациялар бойынша 12 жеңімпазды құттықтады. Сондай-ақ, журналистер бағалы сыйлықтармен марапатталды.



СУБҰРҚАҚТАҒЫ ТОСЫН ЖАЙТ

қауіпсіздік шарасын күшейту керектігін аңғартты



Айжан
БҰРКІТБАЕВА

Алматыдағы Орталық цирк алдындағы фонтан суына түскен екі қызды тоқ ұрып, құтқарам деп ұмтылған анасы да тоққа түскен. Зардап шеккендерді Абылай Балапанов есімді жас жігіт пен ересектеу тағы бір кісі көмек көрсетіп құтқарып қалған.

Осы шулы оқиға жайлы қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Twitter парақшасында пікір білдірді. «Цирк алаңындағы субұрқақта қыздар және олардың біреуінің анасымен болған қайғылы оқиға барысына полиция қызметкерлері тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Зардап шеккендердің теңізге сауығып кетуін тілеймін», – деп жазды қала басшысы.


Ал Қалалық субұрқақтарға жауапты «Есо Almaty» ЖШС басшысы Жанна Асанова субұрқақ жанында «Шоғылуға тыйым салынады» деген тақтайша орнатылғанын айтады: «Ересектердің балаларды суға жібермеуіне осы жеткіліксіз бе? Электр қауіпінен басқа, онда электр сорғылары да бар. Олар тіпті өндірушінің электрді 100% оқшаулауына кепілдік бермейді. Оның үстіне судың өзі де қауіпті. Фонтандарда

су ағып жатқан жоқ, ол – толтырылған су. Тіпті, жасу ауыстырылатын болса да, ол адам денсаулығына, әсіресе, балалардың денсаулығына қауіп төндірмейді. Неге десеңіз, үй жануарлары да, жер төлелер мен көшеде жүретін мысықтар мен иттер де субұрқақтарға шоғылып, табиғи қажеттіліктерін жеңілдететіні ешкімге құпия емес. Жазда қаңғыбастар да субұрқақтарға шоғылады», – дейді Жанна Асанова.

Ал фонтандардың қауіпсіздігіне байланысты мердігерлік компания судың өзінде тоқтын болмағанын айтып, оқиға болған уақытқа дейін фонтан жабықтары қауіпсіз болғанын жеткізді: «Оқиға болған күні субұрқақ штаттық режимде жұмыс істеді. Кезекші техникалық қызметкер күннің бірінші жартысында жұмыс істеп тұрған субұрқақтың ішіндегі тостаған-дарды тазалау және саптамаларды реттеу жұмыстарын бірнеше рет жүргізді. Бұл оқиға болған сәтке дейін жабдықтың тұтастығы мен қауіпсіздігін растайды», – деп хабарлады «Эко Алматы» ЖШС.

Қазіргі таңда оқиға бойынша тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, фонтан құрылғыларының қауіпсіздігі тексерілуде.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматы қаласы бойынша

1432 түлек

«Алтын белгі» иегері атанды.



Шаһардағы Кіші Алматы өзені бойындағы жаяу жүргінші аймағына

5 мыңға жуық бұталы өсімдік отырғызылды.



Алғашқы жартыжылдықта алматылықтардың орташа жалақысы

246,8 мың теңгені құрады.



Қазір мегаполисте вакцинаның бірінші компонентінің

74 210 дозасы және екінші компонентінің **105 880** дозасы бар.



«AKIMAT LIVE»

ТҰРҒЫНДАР ШАҒЫМЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қала билігі қала тұрғындарының талап-тілектеріне барынша көңіл бөліп, өтініштерінің орындалуына маңыз беріп келеді



ХҚКО «САЯЛЫҒА» ҚАЙТА КӨШТІ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Akimat LIVE бағдарламасының эфирінде айтылған қала тұрғынының шағымынан кейін Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Автодом» сауда орталығындағы мамандандырылған ХҚКО-ға барып, Сәтпаев көшесіндегі ұзын-сонар кептелісті өз көзімен көрді.

Осыдан кейін Алматы билігі жүргізушілерге қызмет көрсететін мекемені Сәтпаев көшесінде орналасқан сауда орталығынан көшіру туралы шешім қабылдады.

1 наурызда «Саялы» шағынауданындағы көлікті қайта тіркеу бойынша қызмет көрсететін № 1 мамандандырылған ХҚКО «Автодом» сауда орталығына ауысқан. «Азаматтарға арналған үкімет» бөлімшесінің жаңа орны тұрғындардың көбіне ұнамаған еді. Себебі, мекеме көп халықты қабылдауға қауқарсыз болды.

Мегapolis әкімі Б.Сағынтаев өзінің Facebook-тегі аккаунтында алматылықтар Akimat Live бағдарламасының эфиріне жүгінгеннен кейін «Автодом» сауда орталығы аумағында орналасқан автоЦОН жағдайымен танысқанын жеткізді.

«Мұнда супермаркеттер, автосалондар, ал жақын маңда басқа да сауда орталықтары мен көпқабатты тұрғын үйлер орналасқандықтан, бұл учаскеде әсіресе демалыс күндері кептеліс болады. Осыған байланысты көліктерді ресімдеу бойынша қызметтерді Алатау ауданының мамандандырылған ХҚКО-на қайтаруды тапсырдым, онда келушілер үшін де, автомобильдер үшін де жеткілікті орын бар», — деп жазды Б.Сағынтаев.

Сонымен қатар, Алматы әкімі жақын маңдағы кешен тұрғындарының өтініші бойынша Бостандық ауданының әкімі мен Қалалық мобильділік басқармасының басшысына жол жүру жолдары мен осы учаскенің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жоспарын ұсынуды тапсырды.



АУМАҚ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТЫЛДЫ

Алматы әкімдігі өз үйінің жанындағы жиналған қоқысқа шағымданған жалғызбасты зейнеткер мәселесін шешті. Жақында қарт тұрғын Akimat LIVE бағдарламасының тікелей эфирінде Бақытжан Сағынтаевқа өтініш білдірді. Жетісу ауданының тұрғыны қоқыстан шыққан қолаңса иістің кесірінен денсаулығы нашарлағанын айтты.

70 жастағы Нағима Бөлешова үйінің қасында бірнеше жылдан бері қоқыс жиналып, оның қасына қаңғыбас иттер мен мысықтардың, тіпті егеуқұйрықтардың қаптап кеткенін айтып шағымданды. Жиналған қоқыс жанынан өту мүмкін емес. Қолқаны қапқан жағымсыз иіс аллергияға ұшыратып, басынды ауыртады.

Зейнеткер Нағима апа бұл үйде 30 жылдан бері тұрып келеді. Оның айтуынша, бұл жер

бұрын бау-бақша болған екен. Кейін сайға қоқыс тастай бергеннен қалдықтар тау болып үйіліп қалған. Қазір ол өз ауласындағы қоқысты тазалай алмайды.

«Қоқыстың иісі шыдатпайды. Мұнда егеуқұйрықтар, мысықтар, жабайы иттер қаптап кетті. Мен жалғыз ғана өмір сүрмеймін, мұнда бізде 10 отбасы бар», — деді қала тұрғыны Нағима Бөлешова.

Жақында зейнеткер Бақытжан Сағынтаевқа Akimat LIVE бағдарламасының эфирінде бұл проблеманы жеткізді. Мегapolis басшысы мәселені шешуге уәде берді. Бірнеше сағаттан кейін аумақ қоқыстан тазартылды.

«Біз тікелей эфир біткен соң өз мамандарымызбен осында келіп, мәселені зерттедік. Танертең коммуналдық қызметтермен бірге шағын сенбілік ұйымдастырдық, яғни қоқыстан тазартып, ағаштар мен бұталарды кесіп тастадық, сондай-ақ апамызға 2 қоқыс контейнерін сыйға тарттық», — деді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Дамир Әкежанов.

Сондай-ақ, аудан билігі зейнеткерге болашақта көмектесетіндерін жеткізді.



ТЕГІН БАССЕЙН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Наурызбай ауданында тегін балалар бассейні ашылды. Бұған дейін тұрғындар Бақытжан Сағынтаевтан оқушылар мен студенттерге қолжетімді болатын бассейн салуды сұраған болатын. Сол кезде мегаполис басшысы мәселені қысқа мерзімде шешуді тапсырды.

«Біздің ауданда мұндай мемлекеттік спорт кешені болған емес. Енді кейбір жекеменшік шағын залдар бар. Бірақ оның бағасы аспандап тұр. Сондықтан бізге спорт кешені салуыңызды өтінеміз», — деді қала тұрғыны Рамиль Мирзаев.

Осындай өтініштерді қала тұрғындары дәстүрлі кездесулер кезінде мегаполис басшысына бірнеше рет жеткізді. Бақытжан Сағынтаев жаңа нысандарды салу немесе қолданыстағы нысандарды

жаңғырту мүмкіндігін қарастыруға уәде берді.

Енді міне, өткен жылы айтылған тұрғындар өтініші биыл орындалды. Балаларға тегін, спорттық, кәсіби жүзумен айналысатын жаңа бассейн ашылды. «Алматы қаласының әкімдігіне үлкен алғысымызды білдіреміз», — деді Наурызбай ауданының тұрғыны Жанна Тілемісова.

Ашылған күннен бастап тегін үйірге 30 бала жазылды. Қазір екінші топты қабылдау жүріп жатыр. Бассейннен басқа кешенде жайлы киім ауыстыратын бөлмелер, жылы душ және тіпті сауна бар.

«Бассейн өте жайлы, жақсы жасалған. Бізде алты жол, жиырма бес метр. Сондай-ақ, біздің балалар сауна мен тұз бөлмесін қабылдай алады», — деді жүзу жаттықтырушысы Марина Уфимцева.

БОКС СЕКЦИЯСЫ АШЫЛДЫ

Алатау ауданында балалар спортының дамуына көңіл бөлінді. Қала әкімшілігімен кездесулердің бірінде тұрғындар тегін балаларды сауықтыру орталықтарының жоқтығына шағымданды. Бірнеше айдан кейін мектептердің бірінде бокс секциясы ашылды. «Алматы қаласының

әкіміне жүгінгеннен кейін бізге спорт клубы ашылды, енді балаларымыздың спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар. Біз қала әкімдігіне «Ұлжан» шағынауданының барлық тұрғындарынан алғысымызды білдіреміз», — деп атап өтті аудан тұрғыны Рысғұл Тұрысбекова.

ЕКІ МЫҢ АЛМАТЫЛЫҚ ҮЙЛЕРІН ЗАҢДАСТЫРДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевқа жүгінгеннен кейін екі мыңнан астам алматылық өз үйлерін заңдастырды. Қала басшысының тапсырмасы бойынша тұрғындар үшін әкімшілік кедергілерді азайту бойынша бірқатар шаралар жүргізілді. Сондай-ақ, мегаполис басшысы Қазақстанның Экологиялық кодексіне түзетулер енгізуге бастамашы болды, соның арқасында клубтардың санитарлық-қорғау аймақтары, сондай-ақ су қорғау белдеуі қысқартылды.



— Біз «Шаңырақ-5» шағынауданында тұрамыз. 2013 жылдан бастап өз учаскелеріміз бен үйлерімізді заңдастыра алмадық. Өйткені, біздің аумақ зираттарға жақын орналасқан. Бұл мәселені шешуге көмектесіңіздер, — деп өтініштерін жеткізді шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевқа өткен жылдың жазында Алатау ауданының тұрғындары. Қала тұрғындарының көптеген шағымдарына жауап ретінде мегаполис басшысы ҚР Экологиялық кодексіне түзетулер енгізуді ұсынды.

«Біз бұл мәселені министрлікке жібердік. Заңға өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Көп ұзамай сіздер өз үйлеріңізді заңдастыра аласыз», — деді Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Сондай-ақ, шаһар басшысының тапсырмасы бойынша қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы кейбір шағынаудандардағы қызыл сызықтарға түзету жүргізді. Нәтижесінде 2192 алматылық өз үйлерін заңдастыра алды. Алатау ауданында — 979, Наурызбай ауданында — 507, Түркісіб ауданында — 291, Медеу ауданында — 234, Бостандық ауданында — 86, Әуезов ауданында — 37, Жетісу ауданында — 58 үй заңдастырылды.

Экологиялық кодекске түзетулер заңды күшіне енгеннен кейін заңдастырылған тұрғын үй құрылыстарының саны бірнеше есе артады.

«Зираттардың санитарлық-

қорғау аймағында орналасқан үш мыңнан астам құрылыс бар. Біз Денсаулық сақтау министрлігінің зираттардың санитарлық аймағын қысқарту туралы бұйрығын күтіп отырмыз. Осы бойынша санитарлық қорғау аймақтары қысқартылатын болады. Біз заңдастыру мүмкіндігі үшін аумақтардың 70%-ын қала құрылысы ауыртпалықтарынан босата аламыз. Бұл Алатау ауданындағы 3800-ге жуық үй құрылысы», — деді қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахметжанов.

Кейбір шағынаудандардың тұрғындары қажетті құжаттарды дайындауға кірісті. Мысалы, «Өжет» ықшамауданында, Шалқоке көшесінде 30-дан астам үйдің тұрғындары өз учаскелерін заңдастырды. Алматылықтар зираттардың санитарлық-қорғау аймағын қысқартудың арқасында көптен күткен құжаттарын алды. Енді бұл жол үш жүздің орнына 100–150 метр болады.

«Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлы ҚР Су кодексіне түзетулер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болды. Ол Экологиялық кодекске енеді, онда біз өзенге жақын емес, бірақ қандай да бір санитарлық-қорғау аймағы бар үй құрылыстарын заңдастыру үшін су қорғау белдеуін 20 метрге дейін төмендету туралы өтініш білдірдік», — деп түйіндеді Алмасхан Ахметжанов.

Алдағы айларда қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы тұрғын үй құрылыстарын заңдастыру мәселесін шешуге уәде берді.



ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ТҮЛЕКТЕРГЕ СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясында басшылық құрамды даярлау факультетін аяқтаған тыңдаушылардың оқу нәтижесі шығарылды. Оқуды жемісті аяқтаған қызметкерлерге сертификаттар тапсыру

салтанатына полиция ведомствосының басшысы қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Ішкі істер министрлігінің алдында полицияны реформалаудың маңызды міндеттері тұр. Біздің мақсатымыз – менеджментті, ақпараттық технологияны, қоғаммен байланысты және түрлі салалық білімді меңгерген жаңа форматтағы полиция

кадрларын дайындау, – деп атап өтті Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Үш ай бойы полиция департаменттерінің басшылары, қылмыстық атқару жүйесі комитетінің және басқа да бөлімдерден келген тыңдаушылар басқару саласының қыр-сырларын, әкімшілік-шаруашылық қызметін, қаржы және құқықтық сауатты, жобалау, дағдарыстан шығару және HR-менеджмент, шешендік өнер шеберлігі, БАҚ-тармен қарым-қатынас секілді бағыттарда терең білім алды.

Оларға академияның оқытушыларынан бөлек, арнайы шақырылған ғалымдар, қоғам өкілдері, депутаттар және ардагерлер сабақ берді.

Қазіргі заман талабына сай басшылық құрамды даярлаудың маңыздылығын марапаттау рәсімінде оқу процесіне өзі де қатысқан Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі Рахым Ошақбаев атап өтті.

– Кадрлардың әлеуетін дамыту ІІМ жүйесіндегі сапалы өзгерістерге әсер етеді. Осында алған білім азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттырып, құқық қорғау органдарына деген сенімді күшейтеді, – деді Ерлан Тұрғымбаев өз сөзінде.



Тікелей эфирде тілдеспек

Akimat LIVE бағдарламасы әр сейсенбі мен сәрсенбіде тікелей эфирде көрсетіледі.

Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов 22 маусым күні сағат 20.00-де «Алматы» телеарнасындағы Akimat LIVE бағдарламасында қала тұрғындарының сұрақтарына жауап береді. Көкейдегі сұрақтарыңызды 8 777 046 33 33 WhatsApp нөміріне жібере аласыздар немесе +7 (727) 275-22-16, +7 (727) 334-00-24 нөміріне хабарласа аласыздар.

Сондай-ақ, Almaty.tv арнасының YouTube, Facebook парақшасына пікір қалдыруыңызға болады.



Тарлан талант құттықтады

Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов ҚР Полициясы күніне арнайы құттықтау жолдады.

«Қазақстан Республикасы Полициясы күнімен құттықтаймын! Жұмыстарыңыздың бәрі – ел үшін, халық үшін. Елге еткен еңбектеріңіз жана берсін. Сіздерге батырлық, ерлік, жақсылық, қуаныш тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын», – деді Асанәлі Әшімов.

ПОЛИЦИЯ ШЫҢДЫ БАҒЫНДЫРДЫ

Полиция қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында Алматы қалалық Полиция департаментінің басшылығы Фурманов шыңы бағындырды. Бұл туралы ведомствоның баспасөз қызметі мәлім етті.

Полицейлер ауа райының қолайсыздығына қарамастан өткен күні шыңға шықты. Шынды бағындырушылар қатарында Алматы ПД басшылығы, аудандық басқармалар мен полиция бөлімдерінің басшылары, сондай-ақ, департаменттің дербес бөлімшелері болды.

«Шынымды айтсам, бұл – біздің қызметкерлердің тауға бірінші сапары емес. Кәсіби болмаса да, бірақ жоғары сапалы әуесқой деңгейінде болды. Жол оңай болған жоқ, тұман мен жаңбыр да белгілі бір қолайсыздық туғызды. Бірақ шыңға шыққандардың алдында жалғыз мақсат болды – қашықтықты соңына дейін және барлық құраммен жүріп өту. Шыңға көтерілгеннен кейін дәстүр бойынша Қазақстанның әсем туы желбіреді», –



дейді Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов.

Спикер бұл іс-шара Қазақстан полициясы күні мерекесі қарсаңында ұйым-

дастырылғанын атап өтті. Бұл жастарға патриоттық, адамгершілік және рухани тәрбие тұрғысынан жақсы үлгі болады.

Арнат БИДАЙБЕКОВ.

Өтемақы ала бастады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр министрліктің кеңейтілген алқа отырысында айтқан тапсырмасы іске асты.

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

2020 жылдың 29 қазанында өткен ІІМ кеңейтілген алқа отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қаржылық жағдайын 2023 жылға дейін кезек-кезеңмен 30 пайызға саралай арттырып,

сала өкілдеріне әскери қызметшілер сияқты тұрғын үй жалдау үшін өтемақы төлеу мәселесін жолға қоюды тапсырған болатын.

Берік Уәлидің мәліметінше, тұрғын үй өтемақысына қатысты тапсырма биыл 1 сәуірде толығымен орындалған. «Биылғы 1 сәуірден бастап ІІО қызметкерлерлері Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері сияқты, тұрғын үй төлемдерін алуға құқылы», – деп жазды Берік Уәли.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#MENINQAZQSTANYM

Тәуелсіздік бізге не берді?



Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ,
Алматы қалалық «Jas Otan»
ЖҚ филиалының төрағасы:

– Кейбіреулер үшін Тәуелсіздік – еркін болуға деген ұмтылыс. Ал бір адамдар үшін – саяси дербестік, егемендік. Енді біреулер үшін тәуелсіздік – адамның бір бөлігі, халқы мен мемлекеті үшін өзін ерлік пен жетістікке жетелейтін тәтті ұғым. Жеке өзім үшін «Тәуелсіздік» сөзі «Қазақстан» сөзімен мәндес. Өйткені, мен тәуелсіз елде туып-өстім. Бұл ең маңызды игілік деп білемін.

Елбасының саликалы саясатының арқасында қазақстандықтар бейбіт елде өмір сүруде. Сол саясат арқасында мен де шет елден білім алып, қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты болып, жас ғалымдар қатарындамын. Мен де егемен еліме еңбек етуден шаршамаймын.



Айгерім ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
докторанты:

– Мен тәуелсіз, еркін елде өмірге келгенім, өз тілімде сөйлеп, дәстүрлер сабақтастығын сақтап келе жатқанымға қуаныштымын. Өз елі үшін мақтаныш сезімін әрбір қазақстандық тарих беттерін парақтаған кезде сезінеді. Қазақстан өз тәуелсіздігін алу үшін екі ғасырдан астам уақыт қажет болды. Мыңдаған адам еліміздің бостандығы үшін күресті, олардың көпшілігі өз Отанының болашағы үшін қайтыс болды. Қайсар батырларымыздың арқасында біз қазір еркін және тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Мұның бәрі тыныштықтың, халықтың бірлігінің және жарқын болашаққа деген ортақ сенімнің арқасы деп білемін. Рахмет, саған, Тәуелсіздік!

Сұхбаттасқан Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Чемпионды еске алды



Суретті түсірген: О.Жолдыбай.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Орталық стадионда жеңіл атлет, Олимпиада чемпионы Ғұсман Қосановты еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнир болып өтті.

Бұл додаға дүние жүзінің 16 елінен барлығы 250-ге жуық спортшы қатысты. 100 және 200 метрге жүгіруден ерлер арасындағы сайыста жерлесіміз Виталий Земс көзге түсіп, жүз метрге жарысудан жеңіске жетсе, 200 метрлік сында қола жүлдегер атанды. 400 метрлік эстафетада алтынды ирандық спортшы иеленді.

Отандасымыз Абдулазиз Абдухакимов 800 және 1500 метрлік жарыста күміс медальға қол жеткізсе, 5000 метрде Рақымжан Келменов екінші орыннан көрінді.

Әйелдер арасында 100 метр қашықтыққа жүгірген Әйгерім Шыназбекова топ жарып, алтын алды. Сондай-ақ, 400 метрге жүгіруден әйелдер арасында Айым Қайсанова алтын медаль иеленді. 1500 қашықтықта Ақбаян Нұрманбет қолаға қол жеткізді.

Биіктікке секіруден ерлер арасындағы бәсекеде үздік үштікке Александр Тимошин енді. Ол 2.08 метрді бағындырды.


Бір қызығы, бұл сайысқа Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова өзінің 17 жасар қызымен бірге қатысты. Ұзындыққа секіруден алтынды Ольга Рыпакова алды. Оның нәтижесі – 6.25. Екінші орын Ирина Эктова, ал Анастасия Рыпакова үшінші орынды еншіледі.

Еске сала кетейік, Ғұсман Қосанов – көрнекті жеңіл атлет, Кеңестер Одағының еңбек сіңірген спорт шебері. Ол өзінің күміс медалін 1960 жылы Римде өткен Олимпиада ойындарындағы 4x100 метр эстафетада жеңіп алған. Сондай-ақ, Қазақстан жеңіл атлетикасындағы Олимпиада марапатының алғашқы иегері ретінде тарихқа енді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



1 сәуірден бері Ішкі істер органдарының қызметкерлері тұрғын үй төлемдерін ала бастады. Осылайша



ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДА ӨЗГЕРІС БАР

Қалалық Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Әсет Мұханбетов БАҚ өкілдерімен болған брифингте мемлекеттік тапсырыстардың орындалуы мен колледждерге қабылдаудағы өзгерістерге кеңінен тоқталды.

Талапкерлер оқуға түсу үшін қабылдау емтихандарын тапсырмайды. Тек мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық, медициналық пен шығармашылық мамандықтарға түсушілер ғана арнайы емтихан тапсырады. Медициналық мамандықты таңдаған талапкерлер медициналық колледжде психометриялық тестілеуден өтсе, педагогикалық мамандыққа түскісі келетіндер кәсібіне сай арнайы емтихан тапсырады. Брифинг барысында Әсет Мұханбетов талапкердің колледждерге нақты қабылдау нәтижелері бойынша түсетіні туралы баяндады.

– Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір ұпай жинаған және бәсекеге қабілетті колледждерге ғана беріледі. Сондықтан түлектер мемлекеттік тапсырыс бойынша түскісі келсе, тізімге енген колледждерді ғана таңдай алады, – деді Ә.Мұханбетов.

Бұған дейін колледждер қабылдау емтихандарын өз бетінше өткізіп келсе, енді орташа ұпай бойынша таңдау жасалып, автоматты режим бойынша өткізіледі. Спикердің айтуынша, жүргізіліп отырған шаралар мемлекеттік тапсырыстың орындалуы мен орналастыру процесінің ашықтығын көрсетіп, колледждер арасындағы бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Алматы колледждеріне 9-сыныптан соң қабылдау конкурсының бірінші кезеңі 21–24 тамыз аралығында, ал 11-сыныпты бітірген түлектер үшін 25–28 тамыз аралығында өтеді.

Жиын соңында Әсет Мұханбетов колледж бітірген жастардың жұмысқа тез орналасатынын айтып, еш алаңдамауға шақырды. Нақты дерек бойынша Алматы түлектерінің 76%-ы жұмыс тауып кетсе, қалған түлектер ЖОО-да оқуын жалғастырады. Бүгінде Алматыдағы 83 орта-арнайы оқу орнының 22-сі – мемлекеттік мекеме. 47 колледжде оқушыларды мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытады. Колледж студенттеріне 21 мың теңге көлемінде стипендия беріледі.

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ!»

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары еліміздің балалары мен жасөспірімдері «Жас ұлан» ұйымына біріккен еді. Биыл осы ұйымның құрылғанына 10 жыл толып отыр.

Осынау мереке аясында қаламыздағы «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенділері қалалық әкімшіліктің қолдауымен Оқушылар сарайында кезекті слетін өткізді. Үш күн бойы еліміздің патриоттары өздерінің ұсыныстарын, идеяларын мен талап-тілектерін ортаға салды. Жаңа достар тауып, жаңашылдыққа бірге қадам бастады.

«Тәуелсіздік – тірегім!» атты слет жұмысын қалалық Білім басқармасының «Рухани-адамгершілік тәрбие және Өзін-өзі тану» бөлімінің басшысы Нұргүл Тауқызы ашып, тәуелсіз елдің тағдыры жастардың қолында екенін айтып, оларды елі мен жерін сүйуге шақырды.

Осыдан соң 8 ауданның белсенділері «Үздік тәлімгер–2021» байқауына қатысып, өз ұйымдарының тұсаукесері мен жобаларын таныстырды.

Слетке қатысушылар 5 категория бойынша зияткерлік ойынға қатысты. Еліміздің тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, дүние жүзінің тарихы тұрғысындағы сауалдар арқылы білім деңгейлерін көрсетті.

Бұл күні қалалық слетке қатысушылар салауатты өмір салтын насихаттап, спорттық жарыстардың да көрігін қыздырды. Олар тек қоғамдық жұмыста ғана емес, спортқа да епті екенін байқатты.



– Қаламыздың белсенді жасөспірімдері тағы да бір биікті бағындырды. Олардың әзірлеген жобалары біздің де көңілімізден шығып отыр. Алда осы жобалармен жұмыс жасаймыз. Кезекті слеттің жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдірген қалалық әкімшілікке, Білім басқармасына, мектеп ұжымдарына алғысымыз шексіз, – дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.

Көшбасшылар слетінің жабылуында барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға мақтау қағаздары мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

«АЛТЫН БЕЛГІ» жауған жыл болды

Биылғы оқу жылында үздік білімдерін дәлелдеген 9738 түлек «Алтын белгі» иегері атанды.

Бұл өткен жылдармен салыстырғанда, рекорд көрсеткіш деп бағаланып отыр. Оның өзіндік себебі бар. Әлемді жайлаған індет салдары білім саласына да өз әсерін тигізді. Алғашқы кездердегі ақпараттық құрылғылардың жетіспеуі, қашықтан оқуға көшу балалардың психологиясына аз әсер еткен жоқ. Соған қарамастан, үздіксіз білім алып, үздік оқыған оқушылар өз биігінен көрінді.

Биылғы «Алтын белгі» иегерлерінің басым бөлігі – Түркістан (1856), Алматы (1432) және Шығыс Қазақстан (738) облысының түлектері. Бұл мектеп бітіруші түлектердің жалпы санының 6,2 пайызын құрап отыр. Сонымен қатар, «Алтын белгі» иегерлерінің басым бөлігінің мұғалім мамандығын таңдауы да көңілге қуаныш ұялатады.

Биылғы жылы «Алтын белгі» үміткерлерінің емтихан жұмыстарын мектептер емес, білім басқармалары жанынан құрылған арнайы комиссиялар тексерді.



Бейнебақылаумен қамтылады

Қазір бұрыш-бұрыштағы бейнебақылауға қарап, қауіпсіз аймақта жүргеніңізді сезінесіз. Бейнебақылау қондырғысы бар жерлердің қауіпсіздігі туралы да жиі айта бастадық. Тіпті, ұрлық-қарлық, түрлі тәртіпсіздіктердің бейнебақылау орнатылмаған жерлерде орын алатыны жиі айтылып жүр. ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Ералы Тоғжанов: «Қазандағы оқиғадан кейін арнайы жиын өткізіп, елдегі 6500-ге жуық мектеп, 800-ге жуық денсаулық сақтау нысаны, 500-ге жуық мәдениет нысанындағы қауіпсіздік, нормативтік-құқықтық бағытты күшейтуге қатысты шаралар бекітілді. Былтыр еліміздегі мектептің бәрі 100 пайыз бейнебақылаумен қамтылса, енді олардың 23 пайызы қайта қарастыруды қажет етіп отыр. Сондықтан жаңа оқу жылына дейін бәрі қалпына келтіріледі», – деді.

Сондай-ақ, жалпы мектептерде агрессивтік мінез-құлықтарды төмендетуге бағытталған нақты шаралар жүзеге асатынын да атап өтті.

Орта білімнен де өз кәсібіңді ашып, несібенді табуға болатынын әлі күнге ұғына алмай келеміз. Бүгінгі таңда Алматыдағы №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжін тәмамдаған жүздеген жастар қала мектептерінде еңбек етіп жүр.

Араларында еңбек ете жүріп те, оқуын одан әрі жалғастырып жатқандары бар. Жаңа технологиялармен жұмыс жасауға қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандарға жұмыс табу да аса қиынға түсіп жатқан жоқ. Аталмыш оқу орнының ашық ақпараттық ортасы және заманауи инфрақұрылымы бар. Бәсекеге қабілетті оқу ордасының республикадағы салааралық колледждер арасындағы рейтинг бойынша II орынды иеленуі де осыны аңғартса керек.

«Аталған оқу ордасы қалалық Білім басқармасы мен Түркісіб аудандық білім бөлімімен үздіксіз байланыста болып, 4К моделіне, креативтілікті, сыни ойлауды,



коммуникативтілікті дамытуға және командамен жұмыс істей білетін ерекшелігіне баса назар аударып, SMART педагогтер дайындайды», – дейді колледж директоры Мағишат Меңдіғазиева.

Сонымен қатар, оқу орны педагог мамандар дайындаудың көшбасшысы, ғылыми-әдістемелік орталығы әрі оқыту әдістерінің озық технологияларын тиімді іске асырушы ретінде ерекшеленеді. Білім шаңырағындағы оқу кабинеттері қазіргі заман талабына сай компьютерлік және мультимедиялық құралдармен қайта жабдықталды. Мұндағы кітапхана сөрелері оқу-әдістемелік әдебиеттермен бірге, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» жобалардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» аясындағы оқулықтармен де толыға түскен. Сонымен қатар, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы Қазақстан жастарының саясатын насихаттап, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық құндылықтарға тәрбиелеуді жүйелі жолға қойып отыр.

«Жастардың бос уақытын мазмұнды, тиімді өткізіп, болашақ маман ретінде көптілді және көпмәдениетті тұлға болып қалыптасуына, шығармашылық әлеуеті мен белсенділігін арттыруға, сын тұрғысынан ойлай білуге, өз қызметтеріне талдау дағдыларын дамытуға басымдық беріледі», – дейді білім ордасының басшысы.

Елімізге арнайы келген Жапонияның Цукуба университетінің делегациясы колледждің базасымен танысып қайтқан еді. Көп ұзамай оқытушылардың білім беру тәсіліне ризашылық білдірген Цукуба университетінің ректоры Алғыс хат жолдады.

Ұстаз еңбегінің жауапкершілігі күн сайын артпаса, кеміген емес. Оны айқын сезінген ұжым оқытушылары қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігерді қалыптастыруда жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторы ретінде бағалап, жастарды патриоттық рухта, адамгершілік, имандылық жолында тәрбиелеу міндеті жүктелгенін анық сезіне отырып қызмет етуде.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



Белгілі қылқалам шебері Әбілхан Қастеевтің ізін басқан ұрпақтары өсіп келеді. Бүгінде суретшінің ұл-қыздарынан тараған немерелері Сауран мен Дәурен Қастеевтер сурет өнеріне құмартып, ата жолын жалғастыруға талшынып жүр.

«Бізді сурет салуға ешкім мәжбүрлеген емес. Кішкентайымыздан өзіміз қағаз, қалам алып, шимайлап жүретінбіз. Өзіме табиғаттың суретін салған ұнайды. Әкем салған суреттерімізді көріп, «бірдеңе шығатын секілді» деген пікір білдірді. Ата-анамыз бізге қажетті қағаз, қарындаштарымызды, бояуларымызды алып беретін», – дейді Сауран Қастеев.

«Дәуреннің туындыларынан атасының қолтаңбасын анық байқауға болады», – дейді анасы.

«Атамның Абай әлеміне қызығушылығы болған. Мен де бұл тақырыпты айналып өте алмадым. Менің де «Абайдың

АТА ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН



жастық шағы» деген картина бар. Жақында «Абайдың өсиеттері» атты кітапта менің суретім бейнеленді. Атамның туын-

дылары мен өзімнің бойымда бір тылсым параллель бар екенін байқаймын. Әсіресе, акварельмен салған суреттерімде атамның

стилі байқалады, ұқсастық бар. Осы ұқсастықты байқағандар маған: «Қанында бар ғой, тегіне тартқан!» деп жатады. Мен үшін бұл – үлкен мәртебе. Атамдай ұлы суретші болу үшін еңбек етемін», – дейді Дәурен Қастеев.

Белгілі тұлғаның қызы Гүлназия Қастеева әкесінің ерекше аңғарымпаз, көзі фотоаппарат секілді, ұсақ детальдарды қатты байқайтын болғанын айтады.

«Әкемнің картиналарынан аспандағы ұшып өткен ұшақтың ізін, алыстан келе жатқан көліктерді, қойларды байқауға болады. Арасында бізді де көрсетіп қоятын. Әкемнің салған суреттерінен тіпті ауаның өзін көруге, сезуге болады. Сол ерекшелік қазір Дәурен мен Сауранның салған суреттерінен байқалады», – дейді Гүлназия Қастеева.

Бүгінде қылқалам шеберінің музейінде 400-ден аса туындысы сақталған. Әбілхан Қастеев көзінің тірісінде 200-ден аса көрмеге қатысқан. АҚШ, Канада, Франция, Бразилия, Польша сияқты Еуропа елдерінде ұлы суретшінің картиналары көрмелерге қойылды. Оның әр шығармасында ұлтының ұғымына тән бояуы анық көрінеді. Ең кереметі, осы бекзат өнердің суретшінің ұрпағының бойынан табылуы.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Абзал МОЛДАБЕКОВ, қолөнер шебері:

ЗЕРГЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРСАМ ДЕЙМІН

Қазақтың зергерлік өнері қола дәуірінен, сақ, үйсін, ғұн және түрік кезеңдерінен бастау алады. Ата-бабамыз ертеден қыздарына қолдан сырға соғып, тері өңдеп, кәмшат бөрік кигізді. Саусағына сақина, білегіне білезік, беліне белдік таққызды. Бұл және тек қана сән, ажар, көрік үшін емес. Бойжеткендер таққан шолпы мен сырға да оларды әдептілікке тәрбиелеген, «бойыңды тік ұста», «дұрыс жүр, ерсі қимылдап, бей-берекет сылдыратпа» деп «ескертетін» болған. Қолөнер қазір де өзектілігін жойған емес. Ата-баба дәстүрін сақтап, зергерлікпен айналысып жүрген жастар да аз емес. Солардың бірі – Абзал Молдабеков.



ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК:

- «Адам жанының бір ұшығы шаш арасын мекендейді» деген наныммен сылдырмақты, қоңыраулы шолпыны шашқа бәле-жаланы маңайлатпасын деп ырымдап таққан.
- Тұмар – қазақ халқының ежелден «зиянды тылсым күштерден, тіл-көзден сақтайды» деп сенген бұйымы. Тұмар сөзінің этимологиясы көне түркі «тума» және «йер» тіркесінен шыққан, «туған жер» мағынасын береді. Яғни көне түркілер тұмарға туған жердің топырағын салып жүрген.
- Өңіржиек – дәстүрлі қазақ қоғамында мереке күндері қыздар оны мойнына сәндік үшін таққан. Өңіржиек төрт бұрышты немесе дөңес келген бірнеше жіңішке шынжырмен шығыршық арқылы жалғасады. Ертедегі наным бойынша, өңіржиек әйел адамның құрсағын және кеудесін тіл-көзден, бәле-жаладан сақтайды деп сенген.
- Зергерлік бұйымдар тағылуына қарай: басқа, мойын мен кеудеге, иыққа, белге, қолға, аяққа тағылатын бұйымдар деп, 6 түрге бөлінеді.

– Зергерлікпен қай кезден айналыса бастадыңыз?

– Мектеп кезінде кішкентай түйреуіштер жасап, соны сататын едік. Ол кезде жасаған өнімді жарнамалайтын әлеуметтік желі деген жоқ, ауылдастар бір-бірінен естіп, үйден алып кететін. Зергерлікке жүрегімнің қалауымен

келдім. Университетті осы мамандық бойынша тәмамдадым. Суреттер салдық, ою-өрнектерді зерттедік, қышпен, ағашпен жұмыс істеуді үйрендік. Сөйтіп, осы жолға түрен салдық.

– Дегенмен, жас шеберге қиындықтар болған шығар?

– Бастапқы алты ай қатты қи-

налдым, бұйымдарымның оюлары дұрыс шықпай жатты. Қолымның икемі келмеді, тапсырыс та көп түсе қоймады. Келушілер болмаған соң айлығым да аз болды. Тіпті, қолымды бір сілтеп кетіп қалғым да келген. Алайда, өзімді болаттай шыңдап, осы кәсіптің шыңына жетуді мақсат еттім. Жалпы, қай салада болсын, оның өз қиындықтары кездеседі. Сол қиындықтарды еңсермейінше, жетістікке жетуің екіталай.

– Алғашқы жетістігіңіз есіңізде ме?

– Университет қабырғасында оқып жүргенде бір ой келді. Қазақы нақыштағы неке жүзіктерін жасамақ болып, қарапайым өрнек сызып көрдім. Оны жасап біткеннен кейін әлеуметтік желіге салдым. Сол уақыттан бастап елдің қызығушылығы көбейіп, қазақы нақыштағы неке жүзіктері еліміздің түкпір-түкпіріне таралып кетті. Қазіргі таңда да тапсырыстың көбі осы бұйымға түседі.

– Қазіргі таңда зергерлік өнер несімен ерекшеленеді?

– Қазіргі зергерліктің ерекшелігі – бұйымдардың жинақылығында, ою-өрнектің жыпырлатып бейнеленбейтіндігінде. Шетелдіктердің зергерлерін көрдім, олардың бізден айырмашылығы – саусақтың ізі болғанын, қолдан жасалғаны білініп тұрғанын қалайды. Бүгінгі таңда кілең оюмен жасалған дүниелердің дәуірі өтті. Оның орнына бірекі ғана ою салып ерекшелендіретін модерн стиліндегі бұйымдар көбейген. Оның мәнісі – қазіргі заманның адамдары бұйымдардың заманауи ашық түсте болғанын қалайды.

– Алға қойған мақсатыңыз?

– Алматыдан үлкен зергерлік дүкен ашқым келеді. Қазақстандағы барлық зергердің еңбегін бір арнаға тоғыстырсам деймін. Қазақы нақыштағы зергерлік бұйымдар күнделікті өмірде қолданатын деңгейге жетсе деп армандаймын. Шәкірттеріммен де мақтанғым келеді.

Сұхбаттасқан Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



СҮНДЕТ – МІНДЕТ

Өткенде
біз қыз баланың
құлағын тестіру туралы
айтқан болатынбыз. Қазақ
ұғымында қыздың құлағын
тесу – сүндеттеумен бірдей деген
қағида бар. Ал енді ұлды
сүндеттеу жайына аз-кем
тоқталамыз.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сүндет – ислам дінінде ер баланың жыныс мүшесіндегі тері бөлшегін кесу арқылы жасалатын ғұрып.

Меккеде ұлдар 3–7 жасында сүндетке отырғызылады. Оған ең әсем киімдер кигізіп, атпен серуендететін көрінеді. Ал Мысырда ер баланы 5-6 жасында сүндеттейді.

Біздің қазақта сүндеттеуді бұрын қожа-молдалар атқарып келсе, қазіргі таңда көбіне медицина қызметкерлері жасап жүр.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде адамға табиғи қажеттілігі ретінде сүндетке отыру, мұртты басу, қолтық пен ұятты жерді түктен таза ұстау, тырнақты қысқарту керектігі аталған. Сондай-ақ, сүндетке отырғызу тек мұсылмандық жол емес, оның ер адамның денсаулығына, болашақ ұрпағының аман-есен өсіп-өнуіне де ықпалы зор екені дәлелденген.

Ғалымдар сүндеттелмегендерге қарағанда сүндеттелгендердің қатерлі ісікке анағұрлым аз шалдығатынын айтады. Себебі, баланың үрпіндегі рак ауруын тудыратын смелла деген ақ сұйықтық сүндеттегенде терімен бірге кетеді. Ал австриялық ғалымдар СПИД-ке шалдыққан еркектердің басым көпшілігі сүндеттелмегендер деген жаңалық ашқан болатын. Америка мамандары да сүндеттеу әдісінің несеп қуық жолдарында сирек кездесетін қатерлі, жұқпалы аурулардан, инфекциядан қорғайтындығын мәлімдеген. Бұл елде жаңа туған балалардың 80 пайызы сүндеттеледі екен. Ал Израильде бұл көрсеткіш 98 пайыз.

Осы жақында Фейсбук әлеуметтік желісінде көнекөз қарияларымыздың айналамызда құлдырап жүтіріп жүретін сүйкімді ұлдарға «әпшу

берші!» дейтін байырғы сөзі біраз талқыға түскені бар. Пікірлер екіге жарылды: бірінші жақ оның астарында үлкен мағына жатқанын айтып, «Ұл баланың жыныстық мүшесін осылай тарту арқылы оны сүндеттеуге дайындайды» десе, екінші жақ «Керек болса оның ата-анасы бар ғой, бөтен адамға олай істеудің қажеті не? Айдалада жүрген адамның баланың жыныс мүшесін ұстауы неткен сұмдық, бұл барып тұрған педофилия» деді.

Қазақ «әпшу берші» деп әлі сүндеттелмеген 1-4 жас аралығындағы баладан сұраған. Бұл жаста бала әлі сүндеттелмегендіктен, кіші дәретке отырған сайын үрпісінің ұшында, яғни кесіліп тасталуы тиіс артық еттің арасында зәр қалып қояды. Ол зәр тазаланып тұрмаса, инфекциялық ауруларға әкеп соқтыруы мүмкін. Осыны ешқандай оқу оқып, тоқу тоқымаған ежелгі атам қазақ «әпшу берші» деп сылтау қылып, баланың шүмегіндегі зәрді сығып тастап отырған екен. Міне, осылайша инфекциялық аурудың алдын алса, екіншіден, зәр іш киімге тиіп былғамас үшін тазалап отырған.

Қазақ сүндетке отырғызған баласына арнап той жасаған. Бұл – ысырап-шылдық немесе мақтаншылық тойы емес. Сүндет тойдың басқа тойлардан ерекшелігі – тойға меймандарды сүндеттелетін баланың өзі шақыратын болған. Бұл – оның есейгендігінің белгісі. Өз тойына шақырып келген жеткіншекке барған жерінде шашу шашқан.

Дәстүр бойынша осы күні балаға бастан-аяқ жаңа киім кигізіп, екі иығына үкі қадап, өзінің ашамайлы бәсірелі тайына мінгізген. Жанына бір-екі бозбаланы ілестіріп, ағайын-туғанға тойдың қуанышын жеткізуге жіберетін болған.

Иә, сүндет той – бала қарақұлақтанып, қатарға қосылғандығынан бастап, ат жалын тартып мініп, азамат атанғандығының алғашқы белгісі. Мұндайда ертеректе бай-болыстар ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасаған. Ал қарапайым шаруа адамы өз шама-шарқына қарай дастархан жайып, көрші-қолаңға қонақасы беріп, Құран оқытып, үлкендердің батасын алған. «Сүндет той – мұсылманға міндет той» деген сөз содан қалса керек.

Жаңа бағыттағы қойылым



Айым
НҰРМАН

Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы Санкт-Петербург қаласындағы «КУКАРТ» Халықаралық қуыршақ театрлары фестиваліне қатысады.

Көрермендер мен сарапшылар назарына түрлі бағыттағы қойылымдар ұсынатын өнер додасы – 1993 жылдан бері өткізіліп келе жатқан, қайырымдылық бағыттағы коммерциялық емес жалғыз фестиваль. Түрлі елдер мен халықтар арасындағы мәдени көпірге айналған биылғы фестивалде Қытай, Германия, Сербия, Эстония, Тыва, Қазақстан және Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларының өнер ордалары өз қойылымдарын ұсынады. Фестиваль аясында театрлық жобалар, арнайы спектакльдер сахналады. Мемлекеттік қуыршақ театрының «Ромео мен Джульетта» (реж.: Д.Жұмбаева) спектаклі фестивалдің негізгі бағдарламасына еніп отыр.

«Ромео мен Джульетта» – театр репертуарына 2019 жылдың 24 қаңтарында қосылған, ересектерге арналған спектакльдердің бірі. Қойылым сюжеті сұлулық пен тазалыққа табынудан, ал-



бырттығы жарасқан екі ғашықтың тағдыры арқылы әулет пен тобырдың бітпес дауын ашудан туындаған. Жарыққа шыққалы бірнеше Халықаралық театр фестивалінде бақ сынаған спектакль қуыршақ театрының жаңа бағыттағы батыл

тәжірбиесін көрсетіп келеді.

Қуыршақ театры бұған дейін 2019 жылы өткен аталмыш фестивалге Е.Ионовтың «Ана жүрегі» қойылымымен қатысып, «Үздік актерлік ансамбль» номинациясын қанжығаға байлаған болатын.

Әлеуеті жеткілікті



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бизнеске қазақ тілінің қолдану аясы кеңейіп келеді.

«Алматыдағы бизнес қай тілде сөйлейді?» тақырыбында сауалнама жүргізген А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары осындай қорытындыға келді. Әлеуметтік сауалнамаға 5,5 мыңға жуық қала тұрғыны мен кәсіпкер қатысқан. Қатысушылардың 65 пайызы қазақ тілінің бизнес пен кәсіпкерлік тіліне айналуға әлеуеті жеткілікті екенін айтқан. Өйткені, қалада күн санап қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап ететін тұтынушылар саны артып отыр.

– Қазақтілділер саны күн санап артып келеді. Статистикаға сәйкес, бір Алматының өзінде 70 пайыздан астам қазақтілді қауымдастық бар десек, қателеспейміз. Ал сол тұтынушыға көрсетілетін қызмет, тауар, барлығы да ұлттық тілде және сапалы болуы керек. Біз қазір осындай мәселелерді көтеріп жатырмыз. Сауалнама қорытындылары біздің тұтынушылардың қазақ тіліне деген сұранысының әлдеқайда артқанын, ендігі мәселе осы сапаға байланысты екенін аңғартып тұр. Ал қазақ тілінде көрсетілетін бүкіл қызмет сапасы біздің тұтынушыларды алаңдатады, – дейді А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан.

Bridge TV жүлдегерлері



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстандық домбырашылар Темірлан Олжабай мен Ернат Наурыз Bridge TV телеарнасының жүлдесін жеңіп алды.

Музыканттар «Аспапта ойнайтын үздік дуэт» номинациясын жеңіп алған. Домбырашылар Түркияда пандемия басталғанға дейін гала-концертте өнер көрсеткен. Ұйымдастырушылар шара нәтижесін ресми түрде жариялап, қазақстандықтардың жүлдесін жіберді.

Bridge MEDIA компаниялар тобы 2005 жылы құрылған. Ол Ресей мен ТМД елдеріндегі танымал музыкалық телеарналар өндірушісі саналады. Холдингке 5 музыкалық



телеарна және 12 онлайн-радиостанция кіреді. Бұған дейін домбырашылар Халықаралық Golden Time Talent фестивалінде бірінші орынға ие болған еді. Музыканттар Вивальдидің «Жыл мезгілдері» («Жаз») топтамасынан туындыны өздері өңдеп, ойнап берген.

Видеоны ұлыбританиялық команда түсірген. Сондай-ақ, жақында ғана Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова Токиода өтетін Олимпиадаға Темірлан Олжабай мен Ернат Наурызды Қазақстанның амбасадоры етіп тағайындаған еді.



Токио-2020

Регбишілер
жолдамасыз
қалды

Регби-7 спортынан Монакода өтіп жатқан Токио олимпиадасына іріктеу турнирін қазақстандықтар сәтсіз аяқтады, деп хабарлайды [Olympic.kz](#).

Анна Яковлева жаттықтыратын Қазақстан құрамасы турнирдің жартылай финалына шыққан еді. Алайда, бұл кезеңде Ресей құрамасынан 0:38 есебімен жеңілді.

Қазақстан бұған дейін топтық сынды жақсы өткізді. Алдымен Тунис құрамасын 12:0 есебімен тұқыртса, екінші жарыс күнінде Папуа және Жаңа Гвинея құрамасын 17:10 есебімен қапы қалдырған еді.

Осылайша регбишілер Токио олимпиадасына қатысу құқығына қол жеткізе алмады. Әзірше спорттың ойын түрлерінен ешбір командамызда олимпиада жолдамасы жоқ.

Садақшы
қыздардың
сәтсіздігі

Франция астанасы Парижде садақ ату-дан олимпиадаға іріктеу турнирі басталды. Өкінішке қарай, командалық сында Қазақстанның әйелдер құрамасы жеңіліске ұшырады.

Алдымен 24 құрама командалық есепте сынға түсті. Анастасия Баннова, Фарид Түкебаева және Алина Илиясова үштігі Колумбиядан ұтылды. Есеп – 2:6.

Командалық сындағы жолдама үздік үш командаға ғана беріледі. Енді садақшы қыздар жекелей сында лицензияға таласады.

Рыбакина биікті
көздейді

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина әлемдік рейтинг бойынша Токио Олимпиадасына қатысу құқығын жеңіп алды. Ұлттық олимпиялық комитеттің ресми сайтына берген сұхбатында Елена алдағы жоспарлары туралы айтып берді.

«Олимпиадаға қатысатыным үшін өте қуаныштымын. Әлемдегі ең ірі спорттық жарыстардың бірінде ел намысын қорғайтыным – үлкен абырой. Алда «Үлкен Дулыға» санатындағы Уимблдон турнирі күтіп тұрғандықтан, эмоцияны тежеуге тура келеді. Әзірге осы жарыста сәтті өнер көрсетуді мақсат етіп отырмын. Рейтинг бойынша олимпиадаға қатысатындар қатарына енетінімді білдім. Қазір жыл басындағы жағдайға қарағанда өзімді жақсы сезініп жүрмін. Ал Токио туралы болжам айту қиын. Өйткені, талаптары мүлде бөлек және ыстық, алысқа ұшуға тура келеді. Карантиндік шаралар да барлық қатысушылар үшін қиынға соғады. Барлығы менің Уимблдон турнирінде қаншалықты алысқа баратынымға байланысты», – дейді Рыбакина.

Токио Олимпиадасына қатысатын спортшылар 2021 жылдың 7 маусымындағы ATP және WTA рейтингіне сай жасақталды.

Euro-2020

Түркия бірінші сүрінді

Еуропа чемпионатында топтық кезең аяқталуға жақын. Италия, Нидерланд, Бельгия сияқты серке құрамалар екінші турдан кейін-ақ плей-офф жолдамасын иеленіп қойған болса, үшінші турдың алғашқы ойынында Түркия құрамасының ештеңеден үміт ете алмайтыны белгілі болды.



Түріктер Швейцариядан 1:3 есебімен жеңіліп, жалғыз ұпай да иелене алмады. Алғашқы екі турда Италияға – 0:3, Уэльске 0:2 есебімен есе жіберген соң, түріктер соңғы турда қалайда Швейцариядан басым түсуге тиіс еді. Алайда, Шенол Гүнеш жаттықтыратын жас команда әзірше үлкен белестен асуға дайын емес сияқты.

Бұл топта Италия үш кездесуін де жеңіспен аяқтап, енді С тобында екінші орын алған команданы күтіп тұр. Италиялықтар Еуро тарихында топтық турнирде өз қақпасына доп жібермеген жалғыз команда ретінде тарихқа енді. Ал Уэльс соңғы турда дәл осы құрамдан жеңілсе де (0:1), келесі кезеңге шықты. Швейцария да плей-оффттан тыс қалған жоқ. Бұл команда Уэльстен доп айырмасының нашарлығынан ғана үшінші сатыда тұр.

Рекордтар, рекордтар...

• Криштиану Роналду доп соққан сайын рекорд жасайды. Португалия – Германия (2:4) кездесуінде ол есеп ашып, Еуропа чемпионаттарының финалдық кезеңіндегі гол санын 12-ге жеткізді. Қазір ойнап жүрген футболшылар ішінде Гризманн ғана оның шаңына ілесіп келеді (7 доп).

• Германия құрамасының қақпасына енгізген добы Криштиану Роналдудың ірі турнирлердің финалдық кезеңіндегі 19-голы болып отыр. Бұл көрсеткіш бойынша КриРо даңқты Мирослав Клоземен теңесті. Клозе әлем чемпионаттарында – 16, Еуропа біріншіліктерінде 3 гол соққан болса, Роналду әлем чемпионаттарындағы 7 голына Еуро-ның 12 дәл соққысын қосты.

• Швейцария құрамасының жартылай қорғаушысы Жердан Шакири төрт бірдей ірі турнирде мергендік танытқан алғашқы швейцариялық футболшы атанып отыр. Ол 2014 жылғы әлем чемпионатында Гондурас қақпасына хет-трик жасады, 2016 жылғы Еуропа Польша қақпасына плей-офф кезеңінде гол енгізді, 2018 жылғы әлемдік додада Сербия қақпасына



жеңіс добын соқты. Ал биыл топтық турнирдің III турында Түркия қақпасына қос доп тоғытты.

• Германия құрамасы Еуропа чемпионаттарының финалдық кезеңдерінде 300 доптан асыра соққан алғашқы құрама болды. Немістер Португалия қақпасын төрт рет дәл көздеп, бұл көрсеткішті 302-ге жеткізді. Әзірше Еуропаның ешбір құрамасы бұл межеге жете алған жоқ.

Жеңіл атлетика

Алматының Орталық стадионында бұл күндері жеңіл атлетикадан Ғұсман Қосанов мемориалы өтіп жатыр. Бұл сында олимпиада нормативін орындаған спортшылар Токио жолдамасына қол жеткізеді. Дәстүрлі сынға Азия жеңіл атлетика қауымдастығының президенті Дахлан әл-Хамад арнайы ат басын бұрды.

Биыл бұл сынға 200-ден астам қатысушы тіркелді. Қазақстаннан бөлек, тағы 13 елдің спортшылары, оның ішінде Нидерланд, Малайзия, Мальдив аралдары, Тәжікстан, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан өкілдері де бар. Соңғы турнирлерге тұрақты қатысып жүрген Үндістан құрамасы бұл жолы Алматыға келе алмады.

Жарыстың алғашқы күні спортшылардың ешқайсысы олимпиада нормативін орындай алмады. Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова үш секіру бағдарламасында жарыс жолына шыққан жоқ. Ол қонақ ретінде жарысты трибунадан тамашалады. Бұл сында Өзбекстандық Шарифа Даронова топ жарды.

Ал ұзындыққа секіру бағдарламасында Рыпакова ортаға шыққанда, жұрт даңқты спортшымызға ғана емес, оның қарсыластарына да назар аударды. Өйткені, бұл сынға Ольгамен бірге оның 17 жастағы қызы Анастасия Рыпакова да тіркелген еді. Ольга бұл жолы перзентінен жоғары нәтиже көрсетті. Ол 6,25 метрге секіріп, мемориал жеңімпазы атанса, Анастасия қола жүлдені еншіледі.

Чемпионның отбасында тағы бір чемпион өсіп келе жатқан сияқты.

Автоголдар
додасы

Бұған дейін Еуро-2016 турнирі ғана автоголдарға бай болған еді. Яғни бес жыл бұрынғы жарыста үш ойыншы өз қақпасына доп енгізіп алған-ды.

Биылғы доданың екінші туры аяқталмай жатып, бес автогол тіркелді. Әсіресе, жұрт күткен Португалия – Германия кездесуінде қорғаушылар көп қателесті. 35 минутта португалдардың орталық қорғаушысы Рубен Диаш өз қақпасына доп соғып алса, араға төрт минут салып Рафаэл Геррейру де Германия пайдасына гол соқты. Осылайша аса сәтсіз басталған кездесу тағдырын «неміс машинасы» толықтай өзгерте алды.

Бұған дейін М.Демирал (Түркия) М.Хуммельс (Германия) және В.Щесны (Польша) автогол авторы болды.

2018 жылғы әлем чемпионатында 12 футболшы өз қақпасын таңбалап алған еді. Биылғы Еуроодағы көрсеткіш соған жетеқабыл болатын сияқты.

Жаңа
жұлдыздар кім?

Мануел Локателли (Италия). Қарапайым «Сассуоло» командасының орталық жартылай қорғаушысы бұл додада жарқырай көрініп жатыр. Ол Швейцария қақпасына қос доп соқты. Жоржинью, Барелла сияқты мықтылармен өте түсінісе, жақсы өнер көрсетіп жатыр.

Робин Госенс (Германия). 18 жасына дейін футболға ермек ретінде қарап, кейін жалғыз мүмкіндікті сәтті пайдаланған Госенс Португалия – Германия кездесуінің тағдырын шешті. Ол тамаша екі пас шығарып берді, өзі де доп соқты.

Дензел Думфрис (Нидерланд). ПСВ командасының бұл қорғаушысын көпшілік қарапайым, көп ерекшелігі жоқ футболшы ретінде білетін еді. Тіпті, білмейтіндер де жоқ емес. Осы додада Думфрис қорғанысты тасқамал етіп ұстауға үлес қосып қана қоймай, Украина қақпасына жеңіс добын соқты. Австрия қақпасын да дәл таңбалады. Биылғы додадан кейін оған суперклубтар қызығушылық танытып жатса, таңдана қоймаймыз.

Рыпакова және Рыпакова:
ана мен баланың бәсекесі

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.

Ерлік ұмытылмайды!

Осыдан тура 80 жыл бұрын дүниені дүрліктірген алапат соғыс басталды



Айнұр
СЕНБАЕВА

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия әскері КСРО шекарасына басып кірді. Халық қынадай қырылған бұл шайқас тарихта «Ұлы Отан соғысы» деген атпен қалды.

Тарихи деректерде соғысқа дүние жүзі бойынша 64 мемлекет, 1 млрд. 700 млн. адам қатысқаны айтылады. Бұл – бүкіл жер планетасы тұрғындарының төрттен үш бөлігі. Соғыста қаза болғандардың жалпы саны 50 млн.-ға жуықтайды. Ал Кеңес Одағы бойынша құрбандар саны – 30 миллион шамасында.

Ресми мәліметтерге сәйкес, Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес әскері қатарында 1 миллион 200 мың қазақстандық соғысты. Оның 600 мыңнан астамы елге қайта оралмаған. Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстанда әскери бөлімдер құрыла бастады.



Т.Бигельдинов, Л.Беда, И.Павлов және С.Луганский 2 мәрте «Кеңес Одағының Батыры» атағына ие болды. Кеңес Одағы Батырларының қатарында мерген Ә.Молдағұлова, пулеметші М.Мәметова, атты әскер Б.Қаратаев, атқыштар Т.Тоқтаров, С.Баймағамбетов, С.Лутфиллин, Мин Сен Юр, артиллеристер С.Мүткенов, И.Новиков, ұшқыш Н.Әбдіров, минометші Қ.Сыпатаев, сапер П.Гончаров, жазушы М.Ғабдуллин және тағы басқалар бар. 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы «Кеңес Одағының Батыры» атағы панфиловшы, полковник Б.Момышұлына берілді. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Р.Қошқарбаев, капитан Б.Чупрета, минометші А.Бактыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаев бар. Р.Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденінің иегері атанды. 2001 жылы оған «Халық қаһарманы» атағы берілді.



1942 жылы Қазақстан комсомолдары атынан 45 жаңа танк майдан даласына аттанды. 1942-1943 жылдары халық қаражатынан соғыс шебіне 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, катерлер мен атаулы ұшақтар жасатылды. Даңқты балуан Қажымұқан Мұнайтпасұлы 100 мың сомға ұшақ жасатып, майдан шебіне жөнелтті.



Өнеркәсіп базасы

Майданға Қазақстаннан 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар аттанды. Брест қамалын 7 000 кеңес әскері қорғаса, оның мыңға жуығы – Қазақстаннан барған жауынгерлер. Генерал М.В.Панфилов құрған 316-атқыштар дивизиясының сапындағы жауынгерлердің негізгі бөлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен болды.

Соғыс жылдары Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірдің 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдың 1 миллион тоннаға жуығын Қазақстан берді. Сондай-ақ, мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын өндірді. Ал соғыста атылған әрбір 10 октың тоғыз Шымкент қорғасын зауытында құйылғаны ел арасында аңыз болып тарайды.

Қазақ батырлары

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 497 жауынгер «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған. Оның 97-сі – қазақтар. Т.Бигельдинов, Л.Беда, И.Павлов, С.Луганский екі мәрте «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. И.Н.Кожедуб болса Кеңес Одағының 3 мәрте батыры атанды. 142 қазақстандық жауынгер Солдат ерлігі орденінің иегері болды. 96638 қазақстандық сарбаз Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталды. Днепр үшін шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас «Кеңес Одағының Батыры» атанды.

Ұлы Отан соғысы жылдары 3500 қазақстандық партизан отряды қатарында болды. Қ.Қайсенов, С.Төлешов, Ғ.Омаров, Т.Жанкелдин, Ә.Шәріпов, А.Ахмедияров, Н.Сыдыков сынды батыр партизандармен қатар Н.Байсейітова, Т.Жұмабаева, Ж.Ақәділова есімді қазақ қыздары да дұшпанға қарсы күресті.

Бүгінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, тылда еңбек еткен ардагерлердің қатары сиреп кетті. Оқ пен оттың ортасында жастық шақтарын өткізген жас жауынгерлердің арасында бүгінгі бейбіт күнге жеткендері некен-саяқ. Соғысқа қатысқан аталарымыз бен апаларымыздың әңгімесі бүгінгі ұрпаққа қорқынышты ертегідей естіледі. Бірақ олар шын мәнінде жас та болса, қолына қару алып, елін, жерін қорғауға жан-тәнімен беріліп, көбі соғысқа өздері сұранып аттанған болатын. Төрт жылға созылған қиян-кескі соғыста біздің бабаларымыз өшпес ерліктің үлгісін көрсетті. Олардың бәрінің тілегі бір: «Ешқашан соғыс болмасын, балалардың ұйқысы тыныш болсын!».



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бірнеше әлеуметтік қызмет – бір жерде

ҚР АӨК жанындағы Республикалық арнайы мониторингтік топ төрағасының орынбасары Рафаэль Гасанов қаладағы әлеуметтік қызметтер үйін аралады.

Қайта жөндеуден өткен ғимаратта мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін барлық жағдай жасалған. Әлеуметтік қызметтер үйінде 11 мемлекеттік мекеме топтастырылған. Атап айтқанда, Әл-ауқат және тұрғын үй саясаты басқармалары, Жұмыспен қамту мен Зейнетақы төлеу орталықтары, Көші-қон қызметінің өкілдері өз салалары бойынша тұрғындарды қабылдайды. Енді алматылықтар әр жерде орналасқан мекемелерге барып табан тоздырмай, бірнеше қызметті бір жерден ала алады. Қызметтік сапар барысында Рафаэль Гасанов әлеуметтік үй ғимаратында тұрғындарға қолайлы болуы үшін үй өсімдіктерін өсіру мен ашық кеністіктің маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, пандемия кезіндегі ең өткір мәселе жұмыс берушілердің көбі еңбек шартын ұсынбайтынын, нәтижесінде қызметкерлерге жалақы уақытылы берілмейтінін атап өтті. Занда құжатсыз қызметкерлер басшыларға шағымдана алмайды. Әлеуметтік үй осындай жағдайларды қадағалайтын еңбек инспекциясына хабарласуды ұсынды.

Әлеуметтік қызметтер үйі «бір терезе» қағидаты бойынша 750-ден астам қызмет көрсетеді. Ашылғаннан бері бір аптадан астам уақыт ішінде қызметтер үйі 3 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетті.



Рафаэль ГАСАНОВ,
Республикалық арнайы мониторингтік топ
төрағасының орынбасары:

– Ғимарат толығымен қайта жаңартылды. Біз мұнда тұрғындар үшін және бірінші кезекте мүмкіндігі шектеулі жандарға әртүрлі жағдай жасалғанын көріп тұрмыз. Әрбір қала тұрғыны осындай орталықтың, онда түрлі әлеуметтік қызмет түрлерінің бар екенін білуі қажет. Орталықта әлеуметтік қызмет ғана емес, түрлі жаттығу, демалыс орталықтары да бар.



Ынта ҚАНАТБЕКҚЫЗЫ,
Әлеуметтік қызмет үйінің бөлім басшысы:

– Орталық өз жұмысын бастағалы бір аптадан асты. Осы кезге дейін 3178 тұрғынды қабылдап үлгердік. Әлеуметтік қызмет үйіне тұрғындар көбінесе тұрғын үй мәселесі, жұмыспен қамту мәселелері бойынша қызметке жүгінеді. Тұрғын үй саясаты қызметі кешегіге дейін 800-ден аса тұрғынға, ал жұмыспен қамту бөлімі 1700-ге жуық тұрғынға қызмет көрсетті. Әлеуметтік қызметтерден мүмкіндігі шектеулі жандарға берілетін қызмет түрлері, зейнетақы бойынша да сұрақтарымен келетін тұрғындар бар. Әлеуметтік қызмет түрлері көп болғандықтан, әр қызмет бөлімі бірнеше маманмен қамтамасыз етілген.



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

Мың алғыс сізге,
Дәрігер!

Екі жылдан бергі әлемді дүрліктірген COVID көпшіліктің дәрігерлерге деген құрметін арттырғаны анық. Бұл дерт адамдарды қатерлі дерттен қорғаймын деп арпалысқан қаншама дәрігерлеріміздің өзін ажал құштырды. 200-ге жуық білікті де білгір, өз ісіне шынайы берілген мамандарымыздан көз жазып қалдық. Алла оларды өз панасына алсын дей отырып, оларды төл мерекелерінде үлкен құрметпен еске аламыз.

Нұржамал
ТЕГІНБАЙҚЫЗЫАЛҒЫСТАН ҮЛКЕН
МАРАПАТ ЖОҚ


Нұргүл Байғұмарқызы Нәдірбекова – қала жұртына есімі танымал білікті де білгір терапевт-дәрігер. Оған қаралуға келген науқастардың арасында «УЗИ-ге түспесен де, Нұргүл диагнозыңды дәл табады» деген тәмсіл бар.

Нұргүлдің мұғалім, бәлкім, мықты экономист болуы да мүмкін еді, бірақ оның осы бір сан тараулы арман жолын бір арнаға бұрып, «мен дәрігер боламын» деген нық сенімге бет бұруына әкесінің қатерлі дертке шалдығып, ұзақ уақыт науқастанып жатып қалғаны себеп болған еді. Дертті жанына батып, шарасыздықтың күйін кешкен сәтте Нұргүл әкесінің әлсізденіп жатқан қолынан ұстап отырып, «әке, мен мектеп бітірген соң дәрігердің оқуына түсіп, дәрігер боламын, сізді емдеймін. Сіз жазыласыз» дейтін. Сонда әке жанарына үміт оты үйіріліп, қызына үлкен үмітпен күлімсірей қарайтын. Бірақ күні бүгінге дейін дәл дауасы табылмаған жаман ауру небәрі 53 жасында асқар тауын құлатып кетті. Одан кейінгі анасының да сырқаты Нұргүл Байғұмарқызы Нәдірбекованың Семей қаласындағы медициналық институтқа баруына себеп болды. Әкесіне берген уәдесін орындау үшін ол оқуға түсу емтиханына бар күшін сала дайындалды. Әке рухы қолдап, мектеп бітірген 1985 жылы Шығыстағы медицина институтының студенті атанды.

Әкеге берген уәдесі жадында жүретін ол мектепті қазақша бітіргеніне қарамастан, кіл орыс тілінде өтетін сабағын өте жақсы оқыды. Оқытушылары Нұргүлдің білікті дәрігер болатындығына сенгендіктен, 3-курсан бастап жұмыс істеуіне рұқсат та берді. Семей қаласындағы орталық ауруханадағы студенттік еңбегі де жақсы бағаланып, аузы дуалы, қолы шипалы аға, апаларының батасын алды. Бүгінде қарап отырса, содан бері де 30 жылға жуықтап қалыпты.

Ол тамыр ұстап, алдына келген адамның көзінен-ақ науқас сырқатының себеп-салдарын айтып бере алады.

– Диагнозды дәл қою үшін әрбір дәрігер науқастың жай-күйіне мұқият қарауға тиіс. Кей кездері науқастар ауруының бұрыннан келе жатқанын жасырып, кейінгі кездердегі өзгерістерді ғана айтуы мүмкін. Сол себепті, ең алдымен мен алдыма келген кез келген адамды еркін әңгімеге тартып, содан кейін барып сырқатының сырын ашуға тырысамын, – дейді 1994 жылдан бері Алматының ақ желенді абзал жандарының



біріне айналған, Бостандық ауданының, «Орбита», «Зерделі» ықшамауданы тұрғындарының құрметті де алғысқа бөленген сүйікті дәрігері Н.Нәдірбекова.

Нұргүл – білікті дәрігер ғана емес, болашақ дәрігерлерді оқыту, тәрбиелеу ісіне үлкен үлес қосып жүрген С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің оқытушысы да. Екі бала тәрбиелеп өсірген асыл ана. Тұла бойы тұңғышы Мәдинасының ғұмыры тым қысқа болды. Қытай, Ресей жоғары оқу орындарының экономика факультеттері бітіріп, «экономика магистрі» атанып, енді қызметке араласып, Қазақстан экономикасының білгір маманы боламын деген асқақ арманымен жалындап, жанып тұрған 26 жасында жүрегі мәңгілікке тоқтап қалды. Өмірлік ұстазы анасынан дарыған сабырлық таяғына қанша сүйенгенімен, тұңғышынан айырылу оған оңай болған жоқ. Қалың жұрты жұбатты. «Өлшемі қысқа өмір-ай» деп, Алланың өміріне пенденің қарсы келер қауқары жоғын қанша мойындағысы келгенімен, қызына деген сағынышы басылар емес. Ендігі бар үміті өзінің жолын қуып, дәрігер болуды мақсат еткен ұлы Жақсылықта. Жаратқаннан жатса-тұрса тілері – сол жалғызының амандығы.

Нұргүл Мәдинасының қылықтары мен өмірлік ұстанымдарын айтып, мұңая қалған бір сәтте оның кабинетін үнсіз ғана көзбен шолып шықтым. Қызметтік құжаттары тұрған шафтың сөресі толған марапаттар. Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың Алғыс хаты. Денсаулық сақтау саласы бойынша алған Мақтау грамоталары, «Үздік дәрігер» статуеткасы, «Адам өмірі үшін сіңірген еңбегі үшін» медалі жарқырап тұр. Бұл дәрігер еңбегіне берілген лайықты баға екені даусыз. Ал №29 қалалық емхананың күндізгі емдеу бөлімінің меңгерушісі Нұргүл Нәдірбекова үшін адамдардың алғысынан үлкен марапат жоқ.



– Зертханада Курбатова сынды білгір мамандар отырғанда сапасыз өнім дайындауға жол берілмейді, – дейді қан зерттеу бөлімінің меңгерушісі Зәуреш Болатқызы Қаражігітова.

Қан зерттеу лабораториясы – қан өнімдерін дайындау ісіндегі ең жауапты бөлім. Донорлардан қабылданған қанның таза, сапалы болуы, қан арқылы жұғатын жұқпалы ауруларды дер кезінде анықтап, оны өндіріске жіберуге жол бермейтін – осы бөлім.

Ондай болса, зертханашы Н.Г.Курбатованы әріптестерінің қырағы көз шекарашы дейтіні тегін болмаса керек. Әр салада осындай қырағы көзді, жаны сергек, өз ісіне адал дәрігерлеріміз көп болса, халық денсаулығын жақсарту ісінің алға баса беретіні сөзсіз.

Көш
басындаНұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыдағы 200-ден астам екпе пунктінің біразы қаланың сауда-ойын-сауық орталықтарында орналасқан.

Мобильді пункттерде 1200-ден астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Олардың арасында Алматы қаласындағы №5 емхананың педиатрия бөлімінің меңгерушісі Гүлзат Байзақова да бар.

Ол сәуір айынан бері «Мега парк» СОСО-дағы екпе пунктінде жұмыс істейді. Екпе пункті Алматы тұрғындарын вакциналау бойынша көш-басшылар қатарында.

– Алдымен біз науқасты база бойынша тексереміз, оның қандай да бір қарсы көрсетілімдері бар-жоғын білу үшін сауалнама толтырады. Содан кейін дәрігердің кеңсесінде дене қысымы мен температурасын өлшейміз, пульсосонометр көмегімен сатурацияны тексереміз.

Осы уақытта екпе пунктінде вакцина дайындалады. Барлық бақылау аз уақытты алады. Осы рәсімнен кейін әрбір адам арнайы бейдж алады да, 30 минут бойы демалатын бөлмеде болады, – дейді Гүлзат Байзақова.



Дәрігердің айтуынша, алматылықтар «Спутник V», «QazVac», «Hayat-Vax» пен «CoronaVac» сынды төрт вакцинаның кез келгенін таңдауға құқылы.

– Біздің екпе пункті күн сайын, демалыссыз сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Бізде вакцинаның бірінші компонентін шамамен 8600 адам, екінші компонентін 6400-ден астам қала тұрғыны алды, – дейді дәрігер.

18 жасқа толмаған адамдарды, жүкті және бала емізетін әйелдерді, сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты қарсы көрсетілімдерді қоспағанда, барлық тілек білдіруші вакцина ала алады. Ал онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетіледі.

Сөз соңында Г.Байзақова коронавирусқа қарсы қазіргі заманғы вакциналар қауіпсіз әрі олардың қарсы көрсетілімдері жоқ екенін айтты.

Кәсіпкерлік нысандар қатаң
бақылаудаӘсел
ДАҒЖАН

Өткен демалыс күндері Алматының 8 ауданында карантиндік тәртіпті бұзудың 25 жағдайы тіркелді.

Қалада мониторингтік 40 топ жұмыс істейді. Биыл олар 26 401 нысанды тексеріп, олардың 2383-інде карантиндік шаралар бұзылғанын анықтады. Мониторингтік топтардың құрамына аудандық әкімдіктердің өкілдері, полиция қызметкерлері, кәсіпкерлер палатасының мамандары мен еріктілер кіреді.

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің айтуынша, жыл басынан бері белгіленген шектеулерді бұзғаны үшін 4524 хаттама толтырылған. Соның ішінде заңды тұлғаларға 149 764 115 теңге сомасына 427 хаттама, жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін 179 658 030 теңге сомасына 4097 хаттама толтырылған.

Жетпіс бес материал мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға тапсырылса, олардың 54-іне қызметті тоқтату туралы шешім қабылданды. Мониторингтік топ

өкілдерінің айтуынша, өткен аптада тексерушілердің мобильді топтары күшейтілген режимде жұмыс істеп, 920 мекеме тексерілсе, олардан 60 заңбұзушылық тіркелген.

«Жалпы сомасы 5 миллион теңгеден асатын 48 хаттама толтырылды. Ең көп заңбұзушылық Алатау ауданының аумағында тіркелген. Онда 28 мекеме карантин талаптарын бұзған. Демалыс күндері қалада карантин шараларын бұзған 25 жағдай тіркелді. Сол күні Наурызбай ауданы Сейтбеков көшесіндегі жеке үйде санитарлық нормалар мен қашықтықты сақтамай 50-ден астам адам болған. 19 маусымнан 20 маусымға қараған түні Алмалы ауданындағы кафеде әлеуметтік қашықтықты сақтамай 150 адам болған. Сол түні тексерушілер Бостандық ауданындағы компьютерлік клубтан 80-нен астам адамды шығарды», – деді мамандар.

Алматы «жасыл аймақта» орналасқанына қарамастан, КВИ бойынша қаладағы эпидемиологиялық жағдай күрделі. Кәсіпкерлік нысандардың санитарлық қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауда.



ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

Уланып қалмаңыз!

Жазда күн қатты ысыған кезде тамақтан улану жағдайлары жиілеп кетеді. Әсіресе, жаз мезгілінде жұмыртқа, балық, теңіз өнімдерін және басқа да тағамдарды пайдаланғанда абай болған жөн. Өйткені, температура жоғары болған кезде бактериялар өте жылдам көбейеді.

Денсаулыққа зиян келмес үшін дәрігерлер жазда мынадай тағамдарды абайлап тұтынуға кеңес береді. Дайындалуы мен сақталуы дұрыс болмаған жағдайда котлет, майонез және құрамында жұмыртқасы бар басқа да соустар, устрицалар мен басқа да

теңіз өнімдері, қуырылған картоп, тауық, көкөністер мен қауын-қарбыз адамның денсаулығына зиян. Өйткені, мұндай тағамдардың құрамындағы бактерия мен микробтар аса қауіпті. Бұлар ішек инфекцияларын қоздырады.

Сондықтан күн ыстық кезде толық піспеген ет тағамдарын, балық, тауықты жемеуге тырысыңыз. Жемістер мен көкөністерді жақсылап жуып, тек балғын кезінде тұтынғаныңыз жөн.

Айһүр НҮРСАБЕТ.



Бірлесіп күресу маңызды

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штабының басшысымен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бірлесіп, 2021 жылғы 18 маусымда Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымымен «Дөңгелек үстел» өткізді.

Алматы қаласы бойынша ІМАД басшысы Р.М.Ділдаев кіріспе сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға белсенді қатысқаны үшін алғысын білдірді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты міндеті қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларын сақтауы болып табылатынын еске салды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штабының басшысы С.С.Балғымбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде айтып берді. Алматы қаласының бұрынғы мемлекеттік қызметшілері, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғаларға теңестірілген тұлғалар пара алғаны үшін ұсталған бейнеролик көрсетілді.

Сондай-ақ, «дөңгелек үстелде» Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе оларды ұсынған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін қызметтер қабылдауына тыйым салу жөніндегі мәселелер талқыланды.

Кенестің мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілеріне тезбеушілік атмосферасын құруды насихаттау, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламаларының орындалу барысын жандандыру болып табылады.

Тырысқақтан сақтан!

Жаз кезінде іші өтіп, құсатындардың саны көбейе бастайды. Бір қарағанға қорқатын ештеңе жоқ, бірақ соның салдарынан өмірден де өтуі мүмкін. Оның бірі – тырысқақ. Ішек инфециясы тобына жататын, аса қауіпті әрі жұқпалы ауру. Холера вибрионы тырысқақтың қоздырғышы деп те атайды. Себебі, олар сыртқа көп мөлшерде тырысқақ қоздырғышын бөліп шығарады. Ол дегеніміз – науқастың нәжісі, құсығы арқылы суға, тамаққа, киім-кешекке, ыдыс-аяққа, көрпе-төсекке, т.б. жерлерге түседі. Тіпті, ауру ауыз арқылы да жұғады.

Негізі, аурудың таралуына бірінші себепкер – су. Қоздырғышпен ластанған суды ішуге немесе шаруашылықта пайдалануға болмайды. Мәселен, жеміс-жидек немесе көкөністерді жуып, шайған кезде адамға жұғады. Егер кесел су арқылы жұқса, сол ыдыстан су не тамақтанған адамдар да ауруға шалдығады.

Тырысқақтың қоздырғышы өте жұққыш. Оның азық-түлікке түсуіне көбіне вибрионтасымалдаушылар себеп болса, ауруды тарататын – шыбындар. Аурудың бұл түрі бірден әрі тез арада басталады. Науқастың іші ауырмайды, бірден іші өтеді. Науқастың нәжісі күріштен жасалған қайнатпаға ұқсас, іші жиі өтеді. Үсті-үстіне құсады. Құсықтың түрі де күріштен жасалған қайнатпаға өте ұқсас болады. Іштің өтуі бірнеше сағаттан 5 күнге дейін созылуы мүмкін. Көбіне 2-3 күнге созылады. Аурудың алдын алуы үшін жаз мезгілінде тексеріліп, белгіленген жерлерге шомылып, көкөніс және жеміс-жидектерді таза суға жуып пайдалану қажет. Сондай-ақ, жеке бас гигиенасын, әсіресе, балалар арасында қатаң сақтау қажет. Ауызсуды міндетті түрде қайнатып ішу керек. Ас дайындау, ыдыс жуу және ауызсу үшін ашық айдын-арықтардың суын пайдаланған жөн. Дайындалған тамақты ашық қалдырмай, тез бұзылатынды тоңазытқышқа салған дұрыс. Үйдегі қоқысты уақытылы шығарып, үй іші мен ауланың тазалығын сақтау керек.

С.СҮЛЕЙМЕНОВА,

Алмалы ауданы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы ЭҚБ басшысы.

А.ИБРАГИМОВА,

Алмалы ауданы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы ЭҚБ бас маманы.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №48 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2021 жылғы 19 маусымда №23122 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2021 жылғы 31 мамырдағы

№48

Алматы қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-9-тармағына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 2-тармағына, «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі келесі санаттар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының қатарынан бекітілсін:
 - 1 және 2-топтағы мүгедектер;
 - 2) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;
 - 3) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - 4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.
- Тұрғын үй сертификаттары әлеуметтік көмек немесе әлеуметтік қолдау ретінде 1 000 000 (бір миллион) теңге көлемінде өтеусіз және қайтарымсыз негізде «Жергілікті атқарушы органның әлеуметтік кредиттік тұрғын үйі», «Шаңырақ» пилоттық жобасына қатысушыларға кредит беру» және «Жергілікті атқарушы органда кезекте тұрғандардың ішінен аз қамтылған отбасыларға «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының кредит беруі» бағыттары бойынша беріледі.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс VI сессиясының төрағасы,
мәслихат хатшысы

С.КАНКУРОВ

«Almaty aqshamy»-на ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!



Құрметті оқырман!

2021 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны одан әрі жалғасуда. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы өзінің тұрақты оқырмандары мен жанашырларын, сондай-ақ жаңадан жазылушыларды

«Жазыл да, ұтып ал!» бәйгесіне

қатысуға шақырады. Редакция әзірлеген бірқатар бағалы сыйлықтардың ұтысына қатысыңыз!

Бәйгеге қалай қатысуға болады?

Ең алдымен, 2021 жылдың екінші жартыжылдығына «Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

2021 жылдың 25 маусымына дейін газетімізге жазылған түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» бәйгесіне деген белгі қойып, редакциямызға жолдаңыз.

Редакциямыздың мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 «А» үй (қиылысы – Масаншы көшесі), №21 бөлме. Телефондар: 292-74-21; 292-74-62; 292-74-27.

Сіз сондай-ақ, түбіртеккі сканерден өткізіп те, «Жазыл да, ұтып ал!» тақырыбына» деп, редакциямыздың электронды поштасына (alatayaqparat@mail.ru) жолдай аласыз.

Назар аударыңыз!

Өзіңіздің аты-жөніңізді, мекенжайыңызды, телефоныңызды толық жазыңыз.

«Almaty aqshamy»-на қай жерде жазылуға болады?

«Қазпошта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Евразия пресс» агенттігі» ЖШС-інде, «Эврика пресс» ЖШС-інде және «Дауыс» ЖШС-інде жазыла аласыздар.

Екінші жартыжылдыққа «Almaty aqshamy»-на жазылу бағасы қанша?

Жеке жазылымшылар үшін (индекс – 65503) – 3603,00 теңге.

ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін жеңілдікпен жазылу (индекс – 95503) – 2643,00 теңге.

Бәйге қашан, қалай ойнатылады?

Бәйге жүлделері «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында, конкурстық комиссия мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен 2021 жылы 29 шілдеде ойнатылады. Жеңімпаздар есімі 2021 жылғы 5 тамызда шығатын «Almaty aqshamy» газетінің кезекті санында жарияланады.

Бәйгеге қатысуға ниет білдірген барлық жазылымшыларымызға сәттілік тілейміз!

Анықтама алу үшін телефондар:

8 (727) 292-74-21; 292-74-62; 292-74-27.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №48-ОД бұйрығы бойынша «Шипажайы Көктем» акционерлік қоғамы үшін сумен қамтамасыз ету бойынша қызметке 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін, қосымша құн салығынсыз 158,19 теңге/м³ көлемінде болатын тариф пен тарифтік смета бекітілді.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
292-74-14.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 292-74-14

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 292-74-59.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 292-74-27.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 292-74-21.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 292-74-62. e-mail:
dalemesh@vecher.kz



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айым НҰРМАН**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде
тіркелген. Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов
көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ



Екпенің екіншісін де алдым. Шүкір, екпенің екі кезеңі де сәтті өтті. Сондықтан менің айтарым, жел сөзге ермеңіздер, дәлелсіз сөзге сенбеңіздер. Қай нәрсенің болсын алдын алу керек. Тәртіпті сақтауымыз керек. Индеттің беті әлі қайтқан жоқ. Бәріміз бірлесіп күреспесек, бұл кеселді жеңе алмаймыз.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,

КСРО және Қазақстанның
Халық әртісі,
Социалистік Еңбек Ері



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ



Осыдан екі-үш ай бұрын отбасымызбен екпе алдық. Бүкіл әлем қолданып жатқан дүниеден бас тартып, қазақ-шылыққа салынбаған жөн. Екпені салдыру керек. Одан пайда болмаса, зиян болмайды. Мен бұл қадамды қолдаймын! Жасалып жатқан жұмыстың барлығы да елдің амандығы үшін екенін ұмытпайық!

Асанәлі ӘШІМҰЛЫ,

КСРО және Қазақстанның Халық
әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Өз зауытымыз болады

ҚАЗАҚСТАН вакцина шығаратын зауытты алдағы күзде қолданысқа береді. Бұл туралы Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжанов айтты. Жамбыл өңірінде салынып жатқан кәсіпорынның құрылысы бітіп, енді іші жабдықталып жатқан көрінеді. Сөйтіп, зауыт қыркүйек айында іске қосылмақ. Кәсіпорында «QazVac» вакцинасының айына 2 млн. дозасын шығару көзделген. Алдымен отандастарымыз қамтамасыз етіледі. Артылғаны экспортталады. Е.Тоғжановтың айтуынша, қазірдің өзінде бірнеше мемлекет Қазақстанда әзірленген вакцинаны алуға дайын көрінеді.

Бүгінде вакцина салдырған қазақстандықтардың саны 3 миллионға жуықтады. Айтпақшы, елімізде ПТР-тестілерді және COVID-19-ға қарсы екпе алғандығы туралы вакциналау паспорттарын қолдан жасау бойынша 30 қылмыстық іс тергелуде. Оның 24-і биылдың еншісінде, ал 6 іс 2020 жылы тіркелген.

АЛМАТЫ шаһарында бір тәулікте (20 маусым күнгі ақпарат бойынша) коронавирус инфекциясын жұқтырған 115 науқас тіркелген. Оның 101-інде симптомдық белгілері бар, ал 14-і – симптомсыз. Инфекциялық стационарларда (1730 төсек-орын) жалпы саны 665 адам ем қабылдауда, олардың 24-і бала. Жалпы реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде 56 науқас бар. Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығының мобильді топтары мамандары үй жағдайында 981 науқасты бақылауда ұстап отыр.

Шаһар бойынша бір тәулік ішінде 2426 адам вакцина алды. Жалпы, биылғы 1 ақпан мен 20 маусым аралығында қала бойынша барлығы 375 340 адам вакцина алған. Олардың ішіндегі 60 жастан асқан қарт кісілер саны – 45 300-ден асқан. Бүгінгі таңда Алматыда 211 екпе пункті жұмыс істеп тұр.

МӘСКЕУ қаласында коронавирусты жұқтырғандардың 90%-ынан үнді штаммы анықталған. «Дельта штаммы» деп аталатын бұл түрі алғаш рет Үндістанда тіркеліп, қазір 80 елге тараған. Мамандардың айтуынша, бұл штамм

адамға тез жұғады, әрі оны жұқтырғандардың арасында өлім-жітім де тым жоғары.

ҮНДІСТАН елінің Махараштра штатында коронавирустың енді «дельта плюс» деген жаңа штамы тіркелді. Индеттің бұл түріне 20 адам шалдыққан екен. Елдің Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, жаңа штамм әзірге зерттеліп жатыр. Оның адам ағзасына қаншалықты қауіпті екені белгісіз. Алайда, сарапшылардың айтуынша, мутация вирустың сипатын өзгертуі мүмкін. Сондықтан науқастарды бірнеше апта бойы бақылауда ұстау керек деп отыр мамандар.

Ал кеше әлеуметтік желілерде Үндістанда қатаң карантиннен қашып, ұшақ үстінде неке қиып жатқан екі жастың тойынан бейнежазба тарады. Ұшақ іші адамға лық толы...

ЛОНДОН мемлекетінің «Вест Хэм» стадионы халықты вакциналау орталығына айналып, ұзын-сонар кезек пайда болды. Бұған дейін Лондондағы «Челси», «Тоттенхэм» және «Чарльтон» стадиондарында да вакциналау орталығы ашылған болатын. Елде жеткіншектер арасында вирус жұқтырғандар саны тым артқан. Сондықтан жергілікті билік осындай қадамға барып отыр.

ҚЫТАЙ халқының 1 млрд.-тан астамы коронавирусқа қарсы вакцина ектірді. Бұл мемлекетте орта есеппен күніне 20 млн. доза вакцина салынады екен.

Әлемде әр үшінші вакцина қытайлық тұрғынға егілген. Жыл соңына дейін ел тұрғындарының 70%-ына екпе егу жоспарланып отырған көрінеді. Алайда, екпе егу науқаны бір ізге қойылғанмен, Қытай билігі әзірге қауіпсіздік шараларын сырттан келгендер үшін жеңілдетпейтін сыңайлы. Мәселен, шекарадан өткендер бірнеше рет ПТР-тест тапсырып, 3 апта бойы карантинде отыруы тиіс.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Париждегі Қазақстан елшілігінде көрме ашылып, онда қазақстандық мүмкіндігі шектеулі балалардың 40-қа жуық туындысы қойылды.

Көрмеге қатысып жатқан балалардың ең

Суретші балалар

кішісі 7-де, үлкені 16-да. Жоба аясында француз тіліне 1982 жылы аударылған «Әуезханның 40 ұлы» атты халық ертегісі бейнеформатта көрсетілді. Таяуда француз, қазақ және орыс тілдерінде де жарық көрмек. Ал қазақстандық жас шеберлердің туындылары Париждегі көрмеден кейін Еуропаның өзге қалаларында көрсетіледі.

– Балалардың қолынан шыққан суреттер таңдай қақтырады. Тіпті, ересек адамдардың өзі бұлай сала бермейді. Әйгілі суретші Пикассо «кез келген бала суретші» деп айтқандай, жас жеткіншектерге өзінің көзқарасын білдіру маңызды. Өнер – осыны жүзеге асыратын бірден-бір жол, – деді суретші Зара Оскар.

Габриэльге алғыс

Республикалық жедел-құтқару жасағының құтқарушылары Талғар ауданының тауларында жоғалып кеткен туристерді құтқарды. Бұл ретте оларға ит көмектескен. Құтқарушылар тобы кинологиялық есеппен геолокация бойынша жолға шыққан.

– Жотаның бойымен қозғалу кезінде қыздармен визуалды байланыс орнатылды, олар теңіз деңгейінен 1900 метр биіктікте болды. РЖҚЖ құтқарушылары ізімен достарына шықты, бірінші болып оларға іздеу иті Габриэль жетті, – деді РЖҚЖ мамандары.



Ханның 14 баласы бар



Бүгінде Алматы Хайуанаттар бағында Аружан және Лао атты екі піл бар. Пілдер күніне 5-6 рет тамақтанады екен. Олардың күнделікті рационьында сабан қоспасы бар шөп, сұлы жармасы, сұлы, астық, ағаш бұтақтары, қара нан, қызылша, картоп, қырыққабат, алма, қант кездеседі.

Зообақтағы керіктердің өмірі де қызықты. Олар көкөністер мен жемістерді, түйіршікті

құрама жем мен сұлы майын жақсы көреді. Жоңышқаны да сүйіп жейді. Жазда жаңа, қыста құрғақ сыпырғыштар мен бұтақтармен қоректенеді.

Қаладағы Хайуанаттар бағына алғаш рет керіктер 2002 жылы Оңтүстік Африкадан әкелінген. Содан бері олар бұл жақты жақсы жерсініп, белсенді түрде көбейуде.

– Батыр әке – Хан есімді керік. Ол 2000 жылы туған. Бізге 2003 жылы Оңтүстік Африкадан тағы бес керік әкелінген. Қазіргі уақытта олардың екеуі қалды – Хан мен Сұлу. Осы уақыт ішінде Ханның 14 баласы бар, олар Ақтөбе, Шымкент, Мәскеу, Краснодар, Ташкент, Ферғана қалаларында тұрады. Біздің Хан, жасы үлкен болса да, әлі де белсенді, оның балаларының саны бірнеше рет өсуі мүмкін, – дейді зообақ мамандары.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.